**Key words:** employment, poverty, tax payments, innovation, social policy, correlation.

Какижанова Т.И., Замедін К.С.  
**Проблемы занятости  
и бедности населения  
в Республики Казахстан**

В данной статье изучены проблемы бедности населения и занятости в Казахстане и выявлены причины бедности и определены пути ее решения. Решение проблемы бедности в основном связано с занятостью населения. Также в статье указаны черты бедности и способы ее определения. Выявлены факторы, влияющие на занятость населения, как расходы на инновации, объем продукции, размер среднемесячной пенсии и налоги, и определена взаимосвязь между факторами. В статье приведены статистические данные, а также выделены проблемы развития казахстанского рынка труда. Были составлены эконометрические модели для определение влияния экономических показателей на занятость населения РК. В результате анализа выявлены причины бедности в Казахстане и факторы, способствующие росту количества бедных и малоимущих граждан. Для преодоления бедности необходимо бороться с ее причинами, а не пытаться ликвидировать ее последствия. В статье внимание акцентируется на существующих проблемах в области оплаты труда, которые необходимо решать при проведении социально-экономической политики, нацеленной на кардинальное снижение численности бедного населения.

**Ключевые слова:** занятость, бедность, налоговые платежи, инновация, социальная политика, корреляция.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБ-  
ЛИКАСЫНДАҒЫ  
ЖҰМЫСБАСТЫЛЫҚ  
ПЕН ХАЛЫҚТЫҢ  
КЕДЕЙЛІК МӘСЕЛЕСІ**

Қазіргі таңда Қазақстан экономикасының дағдарыс жағдайындағы көптеген алаңдататын мәселелердің бірі – халықтың тұрмыс жағдайының төмен деңгейі. Кедейлік мәселесі әлеуметтік – экономикалық феномен ретінде әрқашан халықтың өмір сүру барысында байқалған. Қазіргі таңда, ғаламдық дағдарыстың әсер ету салдарынан бұл мәселе қоқейкесті болып отыр. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы VII Астана экономикалық форумының ашылу салтанатында сөзінде, кедейлікке байланысты «Бізге барлығымызға негізгі тапсырмаға шоғырлану қажет, ол – теңсіздікті қысқарту және кедейлікті тұп тамырымен жою» дей отырып, осы мақсатқа жетде негізгі екі тапсырманы атап өтті: біріншісі-экономикалық даму потенциалын максималды қолдану, екіншісі-кедейлікті жою мақсатында «жол картасы – 2020» бағдарламасын жүзеге асыру [1].

Тәжірибеде кедейлік шегін анықтауда әр түрлі критерийлер қолданылады: күнкөріс минимумының деңгейі, жарты күнкөріс минимумының деңгейі, медианалық немесе орташа табыс, халықтың өздерін кедей ретінде субъективті қабылдауы. Нидерландыда кедейлік шегін анықтаудың сегіз критерий қолданылады: төртеуі – абсолютті кедейлікті анықтауда, біреуі – салыстырмалы кедейлікті анықтауда, үшінші – кедейлікті субъективті бағалауда қолданылады. Кедей мен байдың арасындағы нақты дифференциацияны анықтау үшін табыс жөніндегі емес, шығыстар жөніндегі мәліметтер пайдаланылады. Табыстар жөніндегі мәліметтерден гөрі, тұтыну және үй шаруашылығының шығыстары - барынша материалдық жағдайды сипаттайтын критерий. Егер жанұя бюджетінің жартысы азық – түлік тауарларына кететін болса, онда ол кедей деп саналады. Кедейлікті өлшеуде қолданылатын негізгі интегралды көрсеткіш кедейлік индексі немесе халық кедейлігі индексі (Human Poverty Index, HPI) болып табылады. Бұл индекс дамыған және дамушы елдерге арналған БҮҮ бағдарламасы негізінде жасалған [2].

Еліміздегі кедейліктің шегі күнкөріс минимумы деңгейінің 40 % мөлшері ретінде анықталды. 2015 жылы бұл көрсеткіш 21,4 мың теңгені құраса, 2016 жылдан бастап күнкөріс минимумы 22,8 мың теңгеге артты. Елбасымыздың 2016 жылғы 1 қантарынан бастап жалақы, стипендия және зейнетакыны өсі-

ру туралы жарлығының шығуы құнқөріс минимумының өсуіне себеп болып отыр. Денсаулық саласының жұмыскерлер жалақысы 28 %, білім саласы жұмыскерлерінің жалақысы 29 %, стипендия 25 %, зейнетакы 15% өсті. Сондай ақ елімізде 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап азаматтық қызметшілердің еңбекақысын төлеу жүйесінің жаңа үлгісі енгізіледі. Аталған үлгіде азаматтық қызметшілерді біліміне, біліктілігіне, атқаратын қызметінің құрделілігі мен дәрежесіне қарай төрт санатқа бөлу көзделген.

Бірінші санатқа үйлемнің даму стратегиясы үшін жауап беретін және басқару шешімдерін қабылдайтын басқарушы персонал блогы (А блогы) жатады. Аталған блогқа үйлем басшылары мен басшылардың орынбасарлары, үйлемдардың бағыну деңгейіне тәуелді (республикалық, облыстық, аудандық) құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен басшылардың орынбасарлары кіреді. Екінші блогқа үйлемнің негізгі функцияларының іске асырылуын қамтамасыз ететін,

негізгі персонал блогы (В блогы) кіреді. Бұл блогқа дәрігерлер, мұғалімдер, ғылыми қызметкерлер, әлеуметтік қызметкерлер, ЖОО оқытушылары және үйлемнің негізгі функцияларын орындайтын басқа да қызметкерлер кіреді. Аталған қызметкерлер үшін үш қызмет саласы: “Денсаулық сақтау”, “Білім беру” және “Өзге де салалар” бойынша лауазымдық жалақыларды саралап есептеуді енгізу ұсынылады. Үшінші блок - әкімшілік-құқықтық және шаруашылық функцияларын орындайтын әкімшілік персонал блогы (С блогы). Лауазымдардың атальыш блогы заңгерлерді, есепшілерді, экономистерді, аудармашыларды, шаруашылық қызметтің менгерушілерін және тағы да басқаны қамтиды. Төртіншісі – қосалқы және техникалық функцияларды іске асыратын қосалқы персонал блогы (D блогы). Бұл блогқа іс қағаздарын жүргізуілер, архивариустер, кассирлер, коменданттар мен хатшылар жатқызылады [3].

Енді соңғы жылдардағы деректер бойынша халықтың тұрмыс жағдайына қарастыралық.

#### 1-кесте – Халықтың атаулы ақшалай табыстары

	Бір айда жан басына шаққанда, теңге			Откен жылдың тиісті кезеңіне %-бен		
	1 тоқсан			1 тоқсан		
	2013	2014	2015	2013	2014	2015
Қазақстан Республикасы	52 761	57 683	61 997	109,3	109,3	107,5
Ақмола	44 499	48 097	53 484	104,6	108,1	111,2
Ақтөбе	53 584	56 900	61 991	107,3	106,2	108,9
Алматы облысы	41 600	45 582	44 556	113,3	109,6	97,7
Атырау	107 432	131 657	124 981	98,9	122,5	94,9
Батыс Қазақстан	58 034	61 043	65 884	104,7	105,2	107,9
Жамбыл	35 370	37 422	40 548	104,9	105,8	108,4
Қарағанды	59 979	63 151	68 815	113,5	105,3	109,0
Қостанай	46 724	47 266	51 610	113,6	101,2	109,2
Қызылорда	45 904	49 190	58 652	108,8	107,2	119,2
Манғыстау	84 409	93 284	110 312	110,5	110,5	118,3
Оңтүстік Қазақстан	33 702	34 650	37 304	108,6	102,8	107,7
Павлодар	57 074	60 968	67 984	109,2	106,8	111,5
Солтүстік Қазақстан	43 518	46 148	49 833	108,5	106,0	108,0
Шығыс Қазақстан	49 247	51 682	55 306	112,6	104,9	107,0
Астана к.	92 274	108 728	111 926	109,0	117,8	102,9
Алматы к.	98 714	107 497	114 183	110,1	108,9	106,2

Жоғарыдағы кестеде соңғы үш жылдағы аймақтар бойынша халықтың ақшалай табыстары көрсетілген. Жалпы халықтың ақшалай табысы 57 761 теңгеден 61 997 теңгеге есken. Өнірлер бойынша Оңтүстік Қазақстан облысында ең аз жалақы 2013 жылы – 33 702, 2014 жылы – 34650, 2015 жылы – 37 304 теңге болған. Ал ең көп жоғары ақшалай табыс Атырауға тиесілі, 2015 жылы 124 981 теңгені құраган [4]. Оңтүстік Қазақстан облысындағы бір айдағы жан басына шаққандағы жалақының аз болу себебі, Қазақстанның басқа аймақтарымен салыстырғанда өмір сүру деңгейінің арзан болуы, бұл жалақыға сәйкес барлық қызмет көрсетулердің, азық-түліктің, халық тұрмысына қажетті заттардың арзан болуы. Мысалы, Алматы қаласының өмір сүру деңгейімен салыстырғанда, Шымкентте күнделікті тұтыну заттары, киім, тамақ және т.б. арзан. Алматы қаласында тамақтану орнында ас ішу кем дегенде – 900, 1000 теңге тұратын болса, Шымкент қаласында – 500, 600 теңгені құрайды. Осындай өмір сүру деңгейіне байланысты олардың табыс деңгейі де төмен.

**2-кесте – 2001 ж. мен 2015 ж. аралығындағы тоқсандық көрсеткіштер бойынша құрылған корреляциялық матрица**

	Employment	Innovation	Production	Policy	Tax
Employment	1	0,889	0,928	0,938	0,535
Innovation	0,889	1	0,929	0,888	0,491
Production	0,928	0,929	1	0,975	0,512
Policy	0,938	0,888	0,975	1	0,494
Tax	0,535	0,491	0,512	0,494	1

Жоғарыдағы кестеде жұмыспен қамтылған халық саны мен оған әсер ететін басқа да маңызды экономикалық көрсеткіштер арасындағы корреляциялық коэффициенттері көрсетілген. 2001 ж. мен 2015 ж аралығындағы мерзімде жұмыспен қамтылған халық санының өндірістегі өнімдік және үдерістік инновацияларға жұмсалған шығындар шығындар (0,889), өнім көлемі (0,928) және тағайындалған зейнетақының орташа айлық мөлшерімен (0,96) байланысы тығыз, ал бюджетке түскен салықтар мен төлемдер түсімінің әсері (0,535) орташа. Салықтың басқа қарастырылып отырган барлық көрсет-

Кедейлік мәселесі жұмыссыздықтан шығатыны белгілі, халықты жұмыспен қамту қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан оны талдау мақсатында 2001 жылдың 1 тоқсаны мен 2015 жылдың 4 тоқсаны аралығындағы деректер бойынша, өндірістегі өнімдік және үдерістік инновацияларға жұмсалған шығындар, өнім көлемі, тағайындалған зейнетақының орташа айлық мөлшері, және бюджетке түскен салықтар мен төлемдердің түсімі сияқты көрсеткіштердің жұмыспен қамтылған халық санына әсерін талдау жасау үшін, келесідей белгілеулер енгізілген:

Employment – жұмыспен қамтылған халық саны, мың адам;

Innovation – өндірістегі өнімдік және үдерістік инновацияларға жұмсалған шығындар, млн теңге;

Production – өнім көлемі, млн теңге;

Policy – тағайындалған зейнетақының орташа айлық мөлшері, мың теңге;

Tax – бюджетке түскен салықтар мен төлемдердің түсімі, мың теңге.

Аталған факторлар арасындағы мультиколлинеарлық құбылыстың болмауын ескеру үшін, корреляциялық матрица құрылды.

кіштермен байланысы орташа, ал олардың өзара байланыстары тығыз.

Қазақстан экономикасының экономикалық көрсеткіштерінің жұмыспен қамтылған халық санына әсерін анықтау үшін көптеген модельдер құрылды. Коэффициенттердің мәнділігін бағалау үшін Стыоденттің критикалық мәндері алынды, ал тендеудің сапалылығын тексеру үшін Фишердің кестесі қолданылды.


Құрылғын жұптық және көптік регрессия модельдері ішінен ең жақсы модель ретінде жұмыспен қамтылған халық саны мен салық арасындағы дәрежелік модель алынды.

$$\lg(Employment) = 6,491 + 0,113 * \lg(Tax)$$

(0,199) (0,09)

DW=1,27; R<sup>2</sup>=0,726; F=153,796.

Құрылған модель бойынша бюджетке түсетін салық көлемін бір пайызға өсіру үшін, жұмыспен қамтылған халық саны 0,113 пайызға арттыру арқылы қол жеткізуге болады деп ұйғаруға болады.



1-сурет – Жұмысбастылық, инновациялық шығындар, әлеуметтік саясат немесе зейнетақы мөлшері, және өнім көлемдерінің динамикасы

Жоғарыдағы графиктен көріп отырғанымыздай жұмысбастылық деңгейі 2001 жылдан бастап 2014 жылға дейін тұрақты өсіммен көтеріліп келеді. Демек, мемлекеттік саясатының көмегімен жылдан жылға халық жұмыспен қамтылып жатыр. Оған «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» бағдарламасы мен елімізде шағын және орта кәсіпкерліктиң дамуы негізгі себеп болып отыр. Инновациялық шығындар тұрақты емес, себебі Қазақстан дамуши елдердің қатарына жататындықтан, инновацияға көп уақыт мән берілмеді. 2002 жылды инновацияға мұлдем шығын жұмысалмады десе де болады. 2004 – 2008 жылдары инновация шығындары өсе бастады, оның негізгі себебі елімізге инновациялық өнімдер әкеліне бастады. Қызымет көрсету орындары, мектептер, ЖОО және басқа мекемелер инновациялық жаңа өнімдермен қамтамасыз етіле бастады. 2008 – 2010 жылдары ғаламдық дағдарысқа байланысты инновацияға шығындар көлемін қысқартуға мәжбүр болды. 2012 – 2014 жылдары шығындар қайта күрт өсіп отырғанын

байқаймыз. Бұл жылдары «Удемелі индустриялық – инновациялық даму» бағдарламасы аясында көптеген жұмыстар жүргізілді, негізгі басымдылық инновацияға берілген.

Инновациядан басқа қарастырылған экономикалық көрсеткіштер 2001 ж. мен 2015 жаралындағы мерзімде бірқалыпты өсіп отырған. Әлеуметтік саясат немесе зейнетақы мөлшері 2002 – 2014 жылдар аралығында тұрақты мөлшермен өсіп келеді. Бірақ зейнетақының жұмысбастылыққа көрінісі де бар. Халықтың кедей бөлігіне жататындар қатарында тек зейнетақымен күн көрсетіндер де бар. Өнім көлемі де тұрақты өсіммен артуда. Өнім көлемі тікелей жұмысбастылыққа әсер етуші факторлардың бірі. Аймақта инвестициялық белсенділік деңгейінің ұлғаюы және шетелдік, сондай-ақ жергілікті капиталдарды тарту жаңа жұмыс орындарының ашылуына, соның ішінде жастардың көптеген жұмысқа орналасуына мүмкіндік береді. Басқа факторлардың дамуы да осы экономикалық фактордың оң әсеріне байланысты болады, оларға кәсіпорындардың

негізгі қорларының жаңа жабдықтар сатып алу және моральдық тозған ескілерін ауыстыруымен байланысты техникалық және технологиялық қайта жарақтануына жұмсалатын шығындарды жатқызуға болады.

Жұмысбастылық деңгейі жылдар бойынша қатты өзгеріске үшінгенде, ал салықтар мөлшері тұрақсыз, 2004 және 2005 жылдар аралығында салық заңнамасындағы өзгерістерге байланысты күрт өзгеріске үшінгенде отыр, ал 2005 жылдан 2015 жылға дейін тұрақты өсуде.

Жұмыссыздық – кедейлікті тудыратын ең өткір мәселелердің бірі болып табылады. Жұмыссыздықтың халық арасында көп таралуы елдің экономикасына зор нұқсан келтіреді. Қандай да мемлекет болмасын халқының тұрмысының, әл – ауқатының деңгейінің жоғары болуы мен ел экономикасының қарқынмен дамуын қалайды. Осыған байланысты қазіргі таңда нарықтық экономика мен әлеуметтік әділеттік негізінде жоғары өркениетті демократиялық қоғам құру жолында әртүрлі шараларды жүзеге асырып отырған республикалық бүтінгі тіршілігінің негізгі мақсаты мемлекеттегі әрбір азаматтың бақытты өмірін және мұн – мұқтажсыз ауқаттың тұрмысын қамтамасыз ету болып табылады.

Елімізге жаңа технологиялар алып келіп, халықты жұмыс орындарымен қамтамасыз ету аталаған мақсатқа жетуге негіз болады. Оның үстінен шикізаттың барлығы дерлік шетелдік инвесторлар қолында болғандықтан, тауарлардың өзіндік құны жоғары. Біз қашалықты қызметкерлер мен зейнеткерлердің жалақысын артырып отырғанымызбен, ол бәрібір инфляция жетегінде кетіп жүр. Әсіресе, жұмыссыздықтың отбасылар қатты зардалап шегеді. Соныктан, әрбір отбасының жағдайын жақсарту және инфляция деңгейін бәсендешту үшін адамдарды жұмыспен қамту шарт.

Елдегі жұмыспен қамту мәселесін шешуде кемшиліктер, кедергілер аз емес. Бұл ауданның әлеуметтік – экономикалық жағдайына тіреліп тұрған жоқ. Мәселен, Халықты жұмыспен қамту туралы заңға бір жылда екі рет өзгеріс енгізілсе, оның орындалу механизмін кешіктіру жұмысты жоспарлы түрде жүргізуге көрі әсерін тигізеді. Кейбір мекеме, кәсіпорын басшыларының заңды құрметтеу мәдениетінің төмендігі жұмыссыздардың еңбекке орналастырғанда қыншылықтар туғызытыны жасырын емес. Осындай сәйкесіздіктің салдарынан күнделікті жұмыста қолбайлаулар кездесіп жатады.

### Әдебиеттер

- 1 <http://www.akorda.kz/> КР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың VI Астана экономикалық форумындағы ұндеуі.
- 2 Т.Алиев. Бедность в Казахстане // МИРОВАЯ ЭКОНОМИКА И МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ, 2015, том 59, № 12, с. 105–115.
- 3 «Елімізде бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысы қантардан бастап 40 пайызға өсүі мүмкін - КР ДСӘДМ» [http://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/elmzde-byudjet-salasyi-kyizmetkerlernn-jalakyisyi-kantardan-266242/](http://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/elmzde-byudjet-salasyi-kyizmetkerlernn-jalakyisyi-kantardan-266242/)
- 4 КР Статистика агенттігі [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)

### References

- 1 <http://www.akorda.kz/> KR Prezidenti N.A. Nazarbaevtyn VI Astana ekonomikalyk forumyndagы undei.
- 2 T. Aliev. Bednost v Kazakhstane// Mirovaya ekonomika i mezhdunarodnye otnoshenia, 2015, tom 59, №12, s. 105 – 115.
- 3 Elimizdegi biudzhet salasy kyzmetkerlerinin zhalakysy kantardan bastap 40 pajyzga osui mumkin // [http://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/elmzde-byudjet-salasyi-kyizmetkerlernn-jalakyisyi-kantardan-266242/](http://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/elmzde-byudjet-salasyi-kyizmetkerlernn-jalakyisyi-kantardan-266242/)
- 4 KR Statistica agenttigi [www.stat.kz](http://www.stat.kz)

Турапов Д.Р., Айтуганова З.Ш.,  
Кулиев И.У.

### **Тарату логистикасының оптималды тасымалдау моделі**

Қазіргі тарату логистикасы “жабдықтау – өндіру – өткізу” тізбегінің ең соңы кезеңін кездегі логистикалық, концепциядағы зерттейді. Тұтынушылардың талғамдары мен талаптарына сай, дайын өнімді тұтынушыға жылжыту процесінде жузеге асатын тасымалдау, қоймалау, сақтау және т.б. операцияларды жоспарлау, бақылау және басқару ғылыми. Тарату логистикасының міндеттерінің ішінен дайын өнімді тұтынушыға жеткізуін ең тиімділігінің оптимизациялық маршрутын анықтау болып табылады. Көлік моделі дайын өнімді өндіріс пункттерінен (зауыттар, шахталар т.б. өндіріс орындарынан) тұтыну пункттеріне тиімді (арзан) маршруттармен тасымалдау жоспарын құру үшін пайдаланылады. Сонымен қатар көлік моделін қоймадағы қорларды тиімді сату, жұмыс уақытының графиктерін құру, қызметкерлерді жұмыс орындарына тағайындау, қолдағы капиталды айналдыру сиякты оптимизациялық есептерді шығару үшін де қолдануға болатындығы туралы көрсетілген. Тасымалдау модельдері дискреттік процестерді сипаттайтын болғандықтан, олар матрицалық, және торлық, аппараттардың көмегімен зерттеледі. Көлік моделі дайын өнімді өндіріс пункттерінен (зауыттар, шахталар т.б. өндіріс орындарынан) тұтыну пункттеріне тиімді (арзан) маршруттармен тасымалдау жоспарын құру үшін пайдаланылады.

**Түйін сөздер:** тарату логистикасы, оптималдық, модель, көлік моделі, өндірістік технология, балансалған көлік модель.

Turarov D.R., Aituganova Z.Sh.,  
Kuliev I.U.

### **The optimal model of distribution logistics transportation**

The distributive logistic in “supplies is productions - sale”, very actual for the stage of logistic chainless studies the latest moment. Tastes of consumers and to the requirements, carried out in the process of advancement to the consumer of the prepared products, transporting, warehousing, storage and т. planning of operations, science of management and control. Most distribution from the tasks of logistic is determination of route of delivery of to the consumer the prepared products, to efficiency optimization models. Model of production, prepared products, transport points (plants, mines and т. from the places of production) in the points of consumption (cheap) were used for creation of plan of transportsations by routes.

Sales of model on storage of supplies, and also for effective organization of business hours, creation of charts, setting of workers into working places, about present tasks, as transformation of capital for боладығы application optimization models. Models of discrete processes, characterizing transportsations, because they are investigated by means of vehicles matrix and network. Model of production, prepared products, transport points (plants, mines and т. from the places of production) in the points of consumption (cheaper), used for creation of plan of transportsations by routes.

**Key words:** distribution logistics, optimal models, model transport, industrial technologies, balanced transportation model.

Турапов Д.Р., Айтуганова З.Ш.,  
Кулиев И.У.

### **Модель распространения оптимальной логистики перевозок**

Распределительная логистика в системе “снабжения – производство – сбыта”, весьма актуальной для полиязычного этапа логистической цепочки, изучается в самый последний момент. Задачи, выполняемые в процессе продвижения готовой продукции – транспортировка, складирование, хранение и др., планирование операций, науки управления и контроля. Наиболее распространенной задачей логистики является определение маршрута доставки потребителю готовой продукции, эффективность оптимационных моделей. Модель перевоза готовой продукции из транспортных пунктов ( заводов, шахт и т.д. из мест производства) в пункты потребления (дешевые) были использованы для создания плана перевозок маршрутами.

Модели продажи на складе запасов, а также эффективной организации рабочего времени, создание графиков, назначение работников на рабочие места – настоящие задачи для превращения капитала в оптимационных моделях. Модели дискретных процессов, характеризующих перевозки, исследуются с помощью аппаратов, матричных и сетевых.

**Ключевые слова:** распределительная логистика, оптимальные модели, модели транспорта, промышленные технологии, сбалансированная транспортная модель.

**ТАРАТУ  
ЛОГИСТИКАСЫНЫң  
ОПТИМАЛДЫ  
ТАСЫМАЛДАУ  
МОДЕЛІ**

*Тарату* – экономикалық категория, ол үдайы өндіріс процесінің манызды фазасы.

Казіргі тарату логистикасы “жабдықтау - өндіру - өткізу” тізбегінің ең соңғы кезеңін кездегі логистикалық концепциядағы зерттейді.

*Тарату логистикасы* – тұтынушылардың талғамдары мен талаптарына сай, дайын өнімді тұтынушыға жылжыту процесінде жүзеге асатын тасымалдау, қоймалау, сактау және т.б. операцияларды жоспарлау, бақылау және басқару ғылыми.

Тарату логистикасы тарату процесінде материалды ағымдардың қозғалысын, физикалық бөлу процесін оптимизациялау болып табылады.

*Тарату логистикасының міндеттері:*

1. Өнімді тұтынушыларға жеткізудің ең тиімді арналасын таңдау;

2. Өнімді қалай орау керектігін анықтау;

3. Дайын өнімді тұтынушыға жеткізудің ең тиімді маршрутын таңдау;

4. Қойма қажет болса, қойма түрін және санын анықтау;

Өнімді тұтынушыға дейін жеткізетін дедалдар қажет болса, оның деңгейін анықтау.

Тарату логистикасының міндеттерінің ішінен *дайын өнімді тұтынушыға жеткізудің ең тиімділігінің оптимизациялық маршрутын анықтау* болып табылады.

*Оптималды тасымалдау есебінің қойылымы.* Көлік моделі дайын өнімді өндіріс пункттерінен (зауыттар, шахталар т.б. өндіріс орындарынан) тұтыну пункттеріне тиімді (арзан) маршруттармен тасымалдау жоспарын құру үшін пайдаланылады.

Сонымен қатар көлік моделін қоймадағы қорларды тиімді сату, жұмыс уақытының графиттерін құру, қызметкерлерді жұмыс орындарына тағайындау, қолдагы капиталды айналдыру сияқты оптимизациялық есептерді шығару үшін де колдануға болады.

Тасымалдау модельдері дискреттік процестерді сипаттайтын болғандықтан, олар матрицалық және торлық аппараттардың көмегімен зерттеледі.

Модель тұрғызу үшін мынадай айнымалылар алдын ала белгілі болуы қажет:

1. Әрбір өндіріс пункттеріндегі өнім көлемі мен тұтыну пунктіндегі сұраныс көлемі;

2. Өндіріс пункттерінен тұтыну пункттеріне тасылатын өнім бірлігінің құны.

Барлық өндіріс пункттерінде бір түрлі өнім шығарылады. Сондықтан тұтыну пункттеріндегі осы өнім қажеттілікті бірнеше өндіріс пункттерінен тасымалданап, қанағаттандыруға болады.

Өндіріс пункттерінен тұтыну пункттеріне сұраныс көлеміне байланысты тасымалданатын өнімнің жалпы шығыны ең тәмен болатын тасымалдау жоспарын құру үшін математикалық модель тұрғызайық.

Ол үшін әрбір маршруттағы тасымалдау шығындары тасылатын өнім көлеміне тік пропорционал болады деп көлісп аламыз.

Мынадай белгілеудер енгіземіз:

Өндіру пункттерінде шығарылатын өнім көлемін -  $a_i$ ,  $i=1,2,\dots,m$  тұтыну пункттеріне қажетті өнім көлемі -  $b_j$ ,  $j=1,2,\dots,n$ ;

$i$ -ші өндіру пункттерінен  $j$ -ші тұтыну пунктіне жеткізілетін өнім бірлігінің құны  $-C_{ij}$ ,  $i=1,2,\dots,m; j=1,2,\dots,n$ ;

Осы берілген  $a_i$ ,  $i=1,2,\dots,m$ ;  $b_j$ ,  $j=1,2,\dots,n$ ;  $C_{ij}$ ,  $i=1,2,\dots,m; j=1,2,\dots,n$  айнымалыларды пайдаланып қойылған тасымалдау есебінің математикалық моделін тұрғызу үшін  $i$ -ші өндіру пунктінен,  $j$ -ші тұтыну пунктіне тасымалдайтын өнім көлемін анықтайтын  $x_{ij}$ ,  $i=1,2,\dots,m; j=1,2,\dots,n$  белгісіз айнымалысын енгіземіз.

Сонда көлік есебінің математикалық моделі мына түрде қалыптасады.

Мына сызықтық шектемелерді қанағаттандыратын

$$\sum_{j=1}^n x_{ij} \leq a_i, i=1,2,\dots,m; \quad (2)$$

$$\sum_{j=1}^m x_{ij} \geq b_j, j=1,2,\dots,n; \quad (3)$$

$$x_{ij} \geq 0, i=1,2,\dots,m; j=1,2,\dots,n \quad (4)$$

және

$$\oint(x) = \sum_{i=1}^m \sum_{j=1}^n C_{ij} X_{ij} \rightarrow \min(1)$$

максат функциясы минимум мәнін қабылдайтын  $x=(x_{ij})$  матрицасын анықтау. (2)-(4) және

(1) реттік нөмірлері арқылы сипатталған көлік моделіндегі (2) шектемелер топтамасы,  $i$ -ші өндіру пунктінен тасымалданатын өнімнің жынтық көлемі осы пунктте өндірілетін өнімнің жалпы көлемінен артпау қажеттілігін шектейді.

Ал (3) шектемелер топтамасы  $j$ -ші тұтыну пунктіне тасып әкелінетін өнімдер жынтығы, осы пункттің өнімге сұранысын қанағаттандыру қажеттілігін көрсетеді.

Тұтыну пункттерінде жалпы сұранысы қанағаттандырылуы үшін өндіру пункттерінде шығарылатын жалпы өнім көлемі  $\sum_{i=1}^m a_i$  жалпы сұраныс көлемі  $\sum_{j=1}^n b_j$  -дан кем болмауы тиіс.

Егер жалпы өндіріс көлемі жалпы тұтыну көлеміне тең болса, яғни  $\sum_{i=1}^m a_i = \sum_{j=1}^n b_j$ , онда (1)-(3) модельбалансталған көлік моделі деп аталаады.

Балансталған көлік моделіне сай келетін (2), (3) шектемелерінде теңсіздік белгілері теңдік белгілерімен алмастырылады.

$$\begin{aligned} \sum_{j=1}^n x_{ij} &= a_i; i=1,2,\dots,m; \\ \sum_{j=1}^m x_{ij} &= b_i; j=1,2,\dots,n; \end{aligned}$$

Көлік моделінің практикалық қойылымдағында өндіріс көлемі тұтыну көлемінен артық болып келеді.

$$\sum_{i=1}^m a_i > \sum_{j=1}^n b_j$$

Бұл жағдайда модельге жасанды  $n+1$ -нші тұтыну пунктін қосымша енгіземіз.

Сонда оның сұранысын былайша анықтасақ  $b_{n+1} = \sum_{i=1}^m a_i - \sum_{j=1}^n b_j$ , онда көлік моделі баланстық-түрінде өрнектеледі:

$$\sum_{j=1}^n X_{ij} = a_i; i=1,2,\dots,m;$$


$$\sum_{i=1}^m X_{ij} = b_j; j=1,2,\dots,n, n+1;$$

$n+1$ -нші тұтыну пунктіндегі тасымалдау құны  $C_{n+1} = M$  үлкен мәніне қабылданады десек, ол

$n+1$ -нші тұтыну пунктінің жалғандығын сипаттайды. Қолік есебінің балансалғанқоюлымы, оны шығару үшін әдістер мен алгоритмдер жасауға ыңғайлы болып келеді. Енді (1)-(4) белгіленген қолік моделімен бейнеленетін нақтылы практикалық есептер қарастыралық.

*Eсептің қойылымы:* Мына деректерге сәйкес келетін оптимальды тасымалдау моделін

турғызып, Excel-дің көмегімен оптимальды шешімін тауып, шешімдерін баланстық теңдеулерге қойып, тексереміз. Минималды маршрутты шығының анықтау барысында мысалы ретінде Жамбыл облысының 8 пункті ретінде (V1-Көккайнар; V2-Тасөткел; V3-Шатырқұл; V4-Белбасар; V5-Ынталы; V6-Жаңа жол (Новый путь); V7-Жайсан; V8-Шу) алынды.



Минималды жол таңдаудың бағытталған есептелмеген графигі

Маршрутты анықтау керек, 1 пунктегі бастапқы біріктіруші,  $v_1=v_s$  шынына сәйкес келеді, 8 соңғы пункт, сондай-ақ  $v_8=v_t$  шынына сәйкес келеді, бұл үшін жалпы бағыттың ұзындығы минималды болу.

Берілген өзгермелі математикалық модельдің жеке есебінде минималды бағыттың 15 өзгермелі баған хабардар болып табылады:  $x_{12}$ ,

$x_{13}, x_{24}, x_{25}, x_{34}, x_{36}, x_{45}, x_{46}, x_{47}, x_{57}, x_{58}, x_{67}, x_{68}, x_{78}$ . Әр қайсысының  $x_{ij}$  өзгермелілігі 1-лік мәнін қабылдайды, егер минималды бағытқа  $(i,j)$  дугасы кірсе, және қарама-қайшы оқиға 0-ге тең. Ондай болса минималды бағыттағы бағандық хабардарды математикалық қойылымның жеке есебін келесі түрде жазуға болады:

*Мақсатты функция:*

$$\begin{aligned} F(x) = & c_{12}x_{12} + c_{13}x_{13} + c_{14}x_{14} + c_{24}x_{24} + c_{25}x_{25} + c_{34}x_{34} + c_{36}x_{36} + c_{45}x_{45} + c_{46}x_{46} + \\ & + c_{47}x_{47} + c_{57}x_{57} + c_{58}x_{58} + c_{67}x_{67} + c_{68}x_{68} + c_{78}x_{78} \rightarrow \min_{x \in \Delta_\beta} \end{aligned}$$

немесе

$$\begin{aligned} F(x) = & 17x_{12} + 11x_{13} + 28x_{14} + 8x_{24} + 19x_{25} + 4x_{34} + 20x_{36} + 8x_{45} + 6x_{46} + \\ & + 12x_{47} + 2x_{57} + 15x_{58} + 4x_{67} + 13x_{68} + 10x_{78} \rightarrow \min_{x \in \Delta_\beta} \end{aligned}$$

мұндағы  $\Delta_\beta$  көптеген мүмкін альтернативалар теңдік және теңсіздік келесі жүйе арқылы шектеудің түрі қалыптасады:

$$\left\{ \begin{array}{l} x_{12} + x_{13} + x_{14} = 1; \\ x_{58} + x_{68} + x_{78} = 1; \\ x_{12} - x_{24} - x_{25} = 0; \\ x_{13} - x_{34} - x_{36} = 0; \\ x_{14} + x_{24} + x_{34} - x_{45} - x_{46} - x_{47} = 0; \\ x_{25} + x_{45} - x_{57} - x_{58} = 0; \\ x_{36} + x_{46} - x_{67} - x_{68} = 0; \\ x_{47} + x_{57} + x_{67} - x_{78} = 0; \\ x_{12}, x_{13}, x_{14}, x_{24}, x_{25}, x_{34}, x_{36}, x_{45}, \\ x_{46}, x_{47}, x_{57}, x_{58}, x_{67}, x_{68}, x_{78} \in \{0,1\}. \end{array} \right.$$

Алгоритмнің Excel-дегі орындалған реті:


Есептің Excel программасы ішіндегі “Поиск решения” командасы арқылы есептеу алгоритмы: Excel терезесін ашып, Excel терезе-

сіндегі ұяшықтарға берілген мәндерді 1-ші кестеге енгіздім: Мақсатты функциянын табу үшін F2 ұяшығына «Математические» категориясындағы стандартты функция СУММПРОИЗ көмегімен анықтаймыз.

Шығыстарды минималды шығынмен тасымалдау графигі

Панельдегі Сервис => Поиск решения кондырмасын басамыз да, «Установить целевую ячейку» ұяшығына F2 ұяшығын басамыз, ал

«Равной» дегенге «минимальному значению» дегенді бастыым, изменяя ячейки ұяшығына D2:D16 ұяшығын таңдаймыз, сонда:



Поиск решения қондырмасының көмегімен минималды шығынмен тасымалданған графикалік нәтижесі

Нәтижесінде оптималды тасымалдау жоспарының маршруттың анықтау барысында, 1 пунктегі бастапқы біріктіруші, сондайақ  $v_i=v_s$  шыңына сәйкес келеді, 8 соңғы пункт, сондайақ  $v_8=v_t$  шыңына сәйкес келеді, берілген өзгермелі математикалық модельдің жеке есебінде минималды бағытында 15 өзгермелі баған хабардар болып табылған. Минималды маршрутты шы-

нынын (17,19,2,10).  $F_x=48$  км құрайды. 50 км-ден 48 км-ге дейін қысқартуға болады еken, маршрутты қысқартып қана қоймай автокөліктердің маршруттары жақсарады және ауылдың әл-ауқаты мен туристік дамуымыз күшейеді. Сонымен қатар шетелдікіндегі логистикалықты дамыта отырып қысқа жол бағытын көрсетіп қойсақ экономикамыздың дамуына бірден-бір жолы болар еді.

### Әдебиеттер

- 1 Леоненков А.В. Решение задач оптимизации в среде MS Excel. – СПб.: БХВ-Петербург, 2005. - 704 с.
- 2 Орлова И.В., Половников В.А. Экономико-математические методы и модели: компьютерное моделирование: учеб. Пособие. – М.: Вузовский учебник, 2007. – 365 с.
- 3 Логистика – кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыру құралы ретінде // Вестник КазНУ. Серия экономическая. 2011 №5, 94-98 стр., 5 стр.

### References

- 1 Леоненков А.В. Решение задач оптимизации в среде MS Excel. – СПб.: БХВ-Петербург, 2005. - 704 с.
- 2 Орлова И.В., Половников В.А. Экономико-математические методы и модели: компьютерное моделирование: учеб. Пособие. – М.: Вузовский учебник, 2007. – 365 с.
- 3 Логистика – кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыру құралы ретінде // Вестник КазНУ. Серия экономическая. 2011 №5, 94-98 стр., 5 стр.

Бейсенбаев Ж.Т.,  
Нұргалиев Р.К.

**Еуразиялық Одақтың  
жаһандану әлемінде алатын  
стратегиялық орны**

Аймақтық экономикалық интеграция тәжірибесінің классикалық үлгісі – Еуропалық Одақ, интеграциясының қалыптасу тәжірибелері басты тірек ретінде қаралады. Еуропалық Одақтың біздің елдер үшін сабак болар тұстары, әсіресе әлеуметтік-экономикалық мәселелерінің тиімді шешілу жолдарының маңызды жақтары және ортақ валюта енгізуі үлгі боларлық жағдай. Сол себепті, Посткенестік мемлекеттер ішінде ЕурАЗЭС, құрылуы мәдени-тарихи құндылықтарды ғана біріктіріп қана қоймай, сонымен бірге еуразиялық, географиялық кеңістік, жаһандану әлемінің геосаяси орталығына айналуда.

Еуразиялық интеграциялық жоба экономикалық дамуға үлкен мүмкіндіктер ашады, атап айтқанда бәсекелестік ортани қалыптастырады. Бұндай құш-жігердің бірігүі Еуразиялық Одаққа жаһандық экономикаға және сауда жүйесіне кіру мүмкіндігін ғана емес, сонымен кatar, болашақтың болмысын анықтайдын шешімдер қабылдау үрдісінде катысу мүмкіндігіне жол ашады. Еуразиялық Одақтың құрылуы бұл мүшесінде қазіргі кезеңнің курделі әлемінде өзінің сенімді орнын табуга септігін тигізеді. Басқаша айтқанда, ЕурАЗЭС-қа бірігу арқылы аймақтық экономикалық интеграцияға қатысушы-елдер жаһандану жағдайында алға қарай жылжиды және өркендеу қабілетіне ие болатыны анық.

**Түйін сөздер:** интеграция, жаһандану, ғылыми-техникалық, прогресс, Еуразиялық экономикалық одақ, мегажоба.

Beisenbayev J.T.,  
Nurgaliyev R.K.

**Eurasian Union in a strategic  
place in the world of  
globalization**

A classical example of the experience of regional economic integration is considered to be the thrust of experience in the formation of the integration of the European Union. Aims to our countries of the European Union have been moments, especially in the social and economic problems of the effective ways, solutions, most important aspects, introductions of the common currency and the conditions precedent. Therefore, the Post-Soviet states, including the establishment of the Eurasian Economic Community will not only consolidate the cultural and historical values, as well as the Eurasian economic space, globalization has become a geopolitical center of the world.

Eurasian integration project opens up great opportunities for economic development, creates a competitive environment in particular. The combination of these efforts the European Union is not only an opportunity to enter to global economy and trading system, as well as to determine the nature of the future opens up the opportunity to participate in the decision-making process. Creation of the Eurasian Union is contributing to the stability of the countries members of the Union in the difficult period. In other words, through the merger of regional economic integration of the EurAsEC member countries will have the ability to move forward in the context of globalization and prosperity.

**Key words:** integration, globalization, scientific and technical progress, Eurasian Economic Union, mega-project.

Бейсенбаев Ж.Т.,  
Нұргалиев Р.К.

**Стратегическое место  
Евразийского союза  
в мире глобализации**

Примером классического опыта региональной экономической интеграции считается направленность опыта в формировании интеграции Европейского союза. Для нашей страны сотрудничество с Европейским союзом очень важно, особенно в решении эффективных путей социально-экономических проблем, а также введения единой валюты. Таким образом, для государств постсоветского пространства создание Евразийского экономического сообщества не только консолидирует культурные и исторические ценности, но и создает Евразийское экономическое пространство, глобализация стала geopolитическим центром мира.

Евразийский проект интеграции открывает большие возможности для экономического развития, в частности, создает конкурентную среду. Сочетание этих усилий Европейскому союзу не только дает возможность войти в глобальную экономику и систему торговли, а также гарантирует определить характер будущего, открывает возможность участвовать в процессе принятия решений. За счет интеграции стран ЕурАЗЭС, участвующих в региональной экономической интеграции, в глобальную экономику мировая экономика получает возможность двигаться вперед дорогой преобразований к процветанию и стабильности нашей страны.

**Ключевые слова:** интеграция, глобализация, научно-технический прогресс, Евразийский экономический союз, мега-проект.

**ЕУРАЗИЯЛЫҚ  
ОДАҚТЫҢ  
ЖАҢАНДАНУ  
ӘЛЕМІНДЕ АЛАТЫН  
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ОРНЫ**

Қазіргі таңда жаһандану, ең алдымен, бүгінгі орын алып отырған халықаралық экономикалық қатынастардың сипаты мен серпінді техникалық прогрессі қамтамасыз ететін саяси тұрақтылық пен өндірістік күштердің, атап атсақ көлік, байланыс құралдары, әлемдік компьютерлік желілер және тағы басқада даму деңгейіне қатысты болып келеді. Осы орасан ғылыми-техникалық прогресс әлемнің бейнесін түбірімен өзгертип, жаһандануға алып келді, алуан түрлі халықтарды бір-біріне жақындана түсті. Солай дей тұрғанымызben, қазіргі жаһандану бір жақта сипатқа ие емес. Оны бүгінгі қоғам дәлелден отыр.

Қауіпсіздік аспектілерінің маңыздылығын тани отырып, Қазақстан Президенті еуразиялық жобада сыртқы экономикалық, әскери, саяси, акпараттық, технологиялық, экологиялық ықпалдар мен қауіп-қатерлерге ұжымдық төтеп беру мүмкіндіктерін қарастырды. Қазіргі жүріп жатқан жаһандық процестер тұрғысынан алғанда, Нұрсұлтан Назарбаевтың Еуразиялық одақты басынан бастап басқа ықпалдастық бірлестіктірмен кеңінен өзара іс-кимыл тұрғысынан ашық жоба ретінде пайымдауының қафидаттық маңызы бар.

Зерттеушілердің арасында жаңа ықпалдастық идеялардың негізгі туу фактілері туралы мәселе бойынша бірнеше көзқарас қалыптасты. Шетелдік саясаттанушылар Қазақстан Елбасының еуразиялық идеяга назар аударудың басты алғышарты ретінде елдегі курделі демографиялық ахуалға негізделген неғұрлым теңгерілген сыртқы және ішкі саясатты жүргізу қажеттігін атап айтады. Сонымен қатар Назарбаевтың сыртқы саясатында «проeуразиялық» қана емес, сонымен бірге «азиялық» қадамдарды байқауға болатыны туралы факті де белгіленеді, ол мысалы, Орталық Азия мемлекеттері арасындағы келісілген әс-keri ынтымақтастықты қолдау арқылы көрініс берді [1].

Міне, әлемнің жаһандану үдерісінде Еуразиялық тұтастықтың қажеттігі, осы кеңістікте интеграциялық үрдістердің өмірлік маңыздылығы, ортақ бірлестіктің қафидаттары мен бағдарламасы туралы идеянының қажет екендігін мемлекет президенті Нұрсұлтан Назарбаев тұңғыш рет мәлімдеген еді. Сол сәттен бері, өз дамуын алған бұл еуразияшылдық идея тұрлі идеологтар, саясаткерлер, сарапшылар тарапынан қолдау талып, қазір өмірge белсene еніп келеді.

Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – ЕАӘО) қысқаша ретроспективасы мынадай: 1994 жылы Қазақстан басшысы Н.Ә. Назарбаев М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде Еуразиялық кеңістіктегі интеграция идеясы туралы ойын ортаға салды. Қазақстан Президентінің тың бастамасы кезең-кезеңімен жүзеге асты: 2000 жылы Еуразиялық экономикалық қауымдастық (ЕврАЗӘҚ) құру туралы келісімге қол қойылды, 2010 жылдан бастап Кедендей одақ (КО) қызмет ете бастады, ал 2012 жылы Қазақстан, Ресей мен Беларусь интеграциялық құрылыштың үшінші сатысына – Біртұтас экономикалық кеңістік (БЭК) қалыптасты. 2014 жылы жоғарыда аталған ЕАӘО құру туралы келісім-шартқа қол қойылды. Ал 2015 жылғы 1 қантардан бастап ЕАӘО нақты қызмет ете бастады [2].

Еуразиялық экономикалық одақ – мемлекет-мүшелері Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы, Армения Республикасы мен Қыргыз Республикасы болып табылатын халықаралық аймақтық экономикалық интеграциялық үйім. 2014 жылғы 29 мамырда Астана қаласында қол қойылған «Еуразиялық экономикалық одақ туралы келісімнің» 1 бабына сәйкес, ЕАӘО «халықаралық құқық субъектілігіне ие, ауқымында тауарлардың, қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысы қамтамасыз етілетін, осы Келісім-шартта анықталған және одақ ауқымында жасалған халықаралық шарттарға сәйкес экономика саласында үйлестірілген, келісілген немесе бірегей саясат жүргізетін аймақтық экономикалық интеграцияның халықаралық үйімі» болып табылады [3].

ЕАӘО бірте-бірте кеңею үстінде: 2015 жылғы 1 қантардан бастап Армения мүше болса, 29 мамырдан бастап оған Қыргызстан мүше болып кірді. Сонымен қатар, Тәжікстан Үкіметі ЕАӘО құрамына кіруге қызығушылық танытуда, олар қазір бұл одақтың артықшылықтары мен кемшілшіктерін саралап, талдап, тиісті шешім қабылдауға әзірлік жасап жатыр. ЕАӘО географиялық шекарасының кеңею келешегі мен ықтималдығы бұл аталған мемлекеттермен ғана шектелмейді. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мәлім болғандай, 2013 жылы 24 қазанды Минскіде (Беларусь) еткен Еуразиялық экономикалық жоғары кеңестің мәжілісінде Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев мәлімдеме жасап, Түркия Президенті Абдулла Гюль оған Кедендей одаққа (БЭК аралық кезеңі) қосылу туралы өтініш білдіргенін айтқан еді. «Түркия Президенті

маған Кедендей одаққа қосылу туралы өтінішпен шықты. Қанеки, Түркияны да қатарымызға қосып алайык», – деді Н. Назарбаев. Оның сөзінше, шетелдерде оған Кедендей одақ деген КСРО-ның екінші рет дүниеге келуі емес пе, немесе, Ресей басқаратын жаңа одақ па дегендей сұраптар қойылатынын да айта кетті. «Мүмкін, Түркияны одаққа қабылдасақ, бұл үлкен ел, түрлі әңгімелер сап тыбылар еді», – деген ұсынысын Н.Ә. Назарбаев Ресей мен Белоруссия президенттеріне жеткізді [4].

Еуразиялық Одақ – өркениетті өркендету құралы. Осындай өркениетті дамытуда көрегенділік танытқан Елбасының Еуразиялық интеграцияғы ролі ерекше. Олай болса, оның Еуразиялық одақ негізінде болашаққа стратегиясын талдап көрелік.

Еуразиялық Одақ – бұгінгі күн мен болашақтың құрделі сынақтарымен өлшенетін алып жоба. Ол қалыптасуы тарихтағы ең күшті жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыстар ықпалымен басталған жаңа әлемдік жаһанданудың бөлшегі болудың барлық үлкен мүмкіндіктеріне ие. Бұл үшін еуразиялық интеграцияға қатысуышылардың барлығында іс-кимылдың анық таңақты стратегиясы болуы қажет.

Алдыменен, Еуразиялық Одақ, әуел бастан бәсекеге қабілетті жаһандық экономикалық бірлестік ретінде құрылуы тиіс. Бізді тек «модернизацияны куушы» қағидаттарындағы дамушы елдер жиынтығы болудың тар шеңберлі перспективасы да, өзге әлем үшін мәңгілік табиғи ресурстардың үлкен перифериялық экспорттаушысы болып қалудың пешенемізге жазылуы да қанағаттандыра алмайды.

Әлем жаңа технологиялық төңкеріс табалдырығында тұр. Бұгінде Қазақстан үдемелі индустриалық-инновациялық даму жолын бағытын алып отыр. Біз болашақ ұлттық инновациялық экономиканың негізі ретінде заманауи өндірістік күштердің жаңа құрылымын құрудамыз. Мұндай міндеттерді Ресей және басқа ТМД мемлекеттерінің де алдарында тұр. Сондықтан, біздің Біртұтас экономикалық кеңістігіміз инновациялар мен қуатты технологиялық серпінділіктің аумағы болуының маңызы зор. Бұл үшін біздің мемлекетімізді дамытудың инновациялық және модернизациялық ортақ жалпы алгоритмін құрастыруымыз қажет.

Келесі, Еуразиялық одақ дамудың еуроатлантикалық және азиялық ареалдарын қосатын мықты буын ретінде қалыптасуы тиіс. Экономикалық тұрғыда біз Еуропалық Одақтың, Шығыс, Оңтүстік-Шығыс және Оңтүстік Азияның ырғакты

экономикаларын байланыстыратын көпір бола аламыз. Қазіргі таңда, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автомобильдік транспорттың дәліз жобасы жүзеге асырылып жатыр. Ұақыт өте келе осы маршрут бойына Еуропа және Қытай рыноктарына тауарлар жеткізу мерзімін 3,5 еседен астамға қыскартуды қамтамасыз ететін заманауи автомобильділік-логистикалық жүйе түзілетін болады. Трансеуразиялық жүрдек темір желісін құрудың болашағы да зор көрінетін сөзсіз. Бізге Біртұтас экономикалық қеңістіктің Еуропалық Одақпен, Қытай Халық Республикасымен, Жапониямен, Үндістанмен арадағы ынтымақтастығын қеңекту өзара тиімді.

Көптен қатаң сынға алынып жүрген, Еуропалық одақ тәжірибесі қөрсетіп отырғандай, ортақ төлеу жүйесін, содан кейін ортақ валюта енгізу – интеграцияның заңды кезеңі болып отыр. Еуразиялық одақ жаңа жаһандық қаржылық-валюталық жүйенің бөлшегі болатын бакуатты өнірлік қаржы бірлестігі ретінде қалыптасуы тиіс. Қазіргі жағдайда бұл үдеріс, сондай-ақ, әлемдік дағдарыс салдары үрдістерін есепке алуы тиіс. Қазіргі Еуропалық одақ пен евроаймақ қаншалықты сыналса да, олар өздерінің тіршіліккө қабілеттілігі мен дағдарыстарға беріктігін қөрсетіп отыр.

Біздің басты мақсатымыз – көршілерімізге одақтың іс жүзінде маңызы мен тіршілікке қабілеттілігіне сендіру. Сонда санымыз ұш мемлекеттен де айтарлықтай арта түсетін болады.

Еуразиялық интеграцияның геоэкономикалық, ал болашақта геосаяси жағынан буыны бекуі тек эволюциялық жолмен және ерікті түрде жүруі тиіс. Оған жасанды жеделдетудің ешқандай пішін мен жекелеген елдерді қамшылау жат болуы шарт. Біртұтас еуропалық нарық 40 жылға жуық үақыт құрылған. Бұғінде еуразиялық интеграция тұғырнамасы айтарлықтай қең. Оның құрамына пішіні, мақсаты және міндепті түрлі болып келетін мемлекетаралық бірлестіктер – ТМД, ЕурАЗЭҚ, ҰҚШҰ, Кедендік одақ – Қазақстан, Беларусь және Ресей мен басқалардың Біртұтас экономикалық қеңістіктері кіреді.

Соңғы, Еуразиялық Одақ құру тек жүртшылықтың қең қолдауынегізінде ғана мүмкін бола алады. Қазірде біздің елдерімізде өзіміздің «еуразо-оптимисттер» мен «еуразо-скептиктер» барекені заңдылық болып табылады. Олардың арасындағы пікірталастар тек қана интеграциялық үдерістердің кемшиліктерін көруге және оларды дәйектілікпен аластауға жәрдемдесетіні анық. Жақын болашақта олардың дебаттары Еуразиялық Ассамблея – біздің елдеріміз парла-

ментарийлерін біріктіретін ұлтустілік құрылым мінберінен жүретін болады. Елбасымыздың пікірінше, сонымен бір мезгілде, еуразиялық интеграцияның халықтық вертикалін нығайту маңызды орын алады. Яғни, бұл жерде мәселе еуразиялық қоғамдық бірлестіктердің санын артыру туралы болып отыр. Мәселен, ЕурАЗЭҚ Истерлік кеңесінің арқауында өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлердің Еуразиялық конгрессін құруға болады.

Одакты құру барысында Елбасымыз біреше ұтымды ұсыныстарды айта кетті. Еуразия субматеригінің географиялық кіндігінде тұрған елордамыз Астанаға Еуразиялық экономикалық қеңістіктің атқарушы органдарын орналастыруды ұсынды.

Кеден одағы елдерінің үштігі пішінінде Еуразиялық сауда-өндірістік палатасын құру орынды. «Еуразия-24» тәуліктік жаңалықтар арнасын құру жөніндегі жұмыстарды бастап, жалғастыру қажет. Бұл біздің елдеріміздің азаматтарын интеграцияның басымдықтары мен барысы туралы объективті және толық ақпараттандыру тұрғысынан мағызды.

Қазіргі таңда, аймақтық интеграция жаңа әлемнің дамуында негізгі трендтің біріне айналып келеді. Аймақтық интеграция XXI ғасырдың әлеуметтік және экономикалық даму заңдылықтарына сүйенсе, мемлекеттердің бірігуінде, халықаралық қатынастарында тұрақтылық байқауға болады. Посткенестік мемлекеттер үшін мұндай жаңа интеграция мәдени-тарихи құндылықтарды ғана біріктіріп қана қоймай, еуразиялық, географиялық қеңістік, жаңа XXI ғасыр әлемнің геосаяси орталығына айналады. Ал, Қазақстан мен Ресей бұл еуразиялық интеграцияның негізгі күші болып қалмақ.

Сараптай келгенде, еліміздің Ұлт Лидері Н.Ә. Назарбаевтың ұсынған Еуразиялық Идеясы өзінің маңыздылығын, өмірлік қажеттілігін тәжірибе жүзінде дәлелдеп келеді. Еуразиялық интеграциялық жоба экономикалық дамуга үлкен мүмкіндіктер ашады, бәсекелестік ортаны қалыптастырады. Бұндай күш-жігердің бірігуі Еуразиялық Одаққа жаһандық экономикага және сауда жүйесіне кіру мүмкіндігін ғана емес, сонымен қатар, болашақтың пішінін анықтайдын шешімдер қабылдау үрдісінде қатысу мүмкіндігіне жол ашады. Еуразиялық Одактың құрылуы бұл мүші елдердің XXI ғасырдың курделі әлемнің өзінің сенімді орнын табуға мүмкіндік беретін жол. ТМД мемлекеттері біргу арқылы ғана алға жылжу және өркендеу қабілетініне ие болады.

### Әдебиеттер

- 1 Бжезинский З. Великая шахматная доска. Господство Америки и его геостратегические императивы, Москва: Астрель, 2013. – 135-с.
- 2 <http://group-global.org/kk/node/27141>
- 3 Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының Заны 2014 жылғы 14 қазандығы № 240-V ҚРЗ
- 4 Магер Ю. Новые горизонты // Егemen Қазақстан. 25 қазан, 2013 жыл. – Б. 2

### References

- 1 Z. Brzezinski, The Grand Chessboard. American Primacy and Its Geostrategic Imperatives, Moscow: Astrel, 2013. – 135 p.
- 2 <http://group-global.org/kk/node/27141>
- 3 On the ratification of the Treaty on the Eurasian Economic Union. Law of the Republic of Kazakhstan dated October 14, 2014 № 240-V SAM
- 4 Maher Y. New Horizons // Kazakstanskaya true. October 25, 2013. – P. 2



Beysenbaev Zh.T.,  
Zhanatkyzy S., Lyu Chao

**Agro-industrial complex of  
the Republic of Kazakhstan,  
a general description of the  
economic situation  
in the field of livestock**

The article considered the situation of the current agro-industrial complex. The general goals of activity of these industries are the following: most complete satisfaction of necessities of population in food and consumer goods from agricultural raw material; providing of food safety; change of terms of life and labor of rural population on the basis of height of complex. Agriculture in Kazakhstan remains as a small scale sector of Kazakhstan's economy. Agriculture's contribution to the GDP is under 10% – it was recorded as 6.7%, and as occupying only 20% of labor. At the same time, more than 70% of its land is occupied in crops and livestock. In agro-industry complex, the main part of structure of AIC is rural economics. Nowadays, rural economics has some problems in developing economy. So, rural economics has two parts: crop and livestock. Livestock is the best sector of development of the agro-industry complex. Since the early 2000s in the livestock industry have seen a steady increase in the number of livestock and poultry, and livestock production. The main exporting countries of cattle farming is Russia Federation 68.4%, the most significant component of the weight of the state.

**Key words:** Agro-industry complex (AIC), livestock, the country's exporters, imports, national economy.

Бейсенбаев Ж.Т.,  
Жанатқызы С., Лю ЧАО

**Қазақстан Республикасының  
агроөнеркәсіп кешенінің мал  
шаруашылығы саласы  
бойынша экономикалық  
жағдайына жалпы сипаттама**

Қазіргі таңда еліміздің үлттық экономикасы дүниежүзілік экономикалық жағдайына тікелей байланысты. Үлттық экономиканың дамуына байланысты тындаітын мәселелер әр саланың өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтары, кемшіліктеріне тікелей байланысты. Агроөнеркәсіп кешенінің маңызды салаларының ішіндегі маңызды саласы болып, малшаруашылығы болып табылады. Малшаруашылығының басты мәселесі болып, қазіргі таңда елімізге сырттан импорттау мәселесі, яғни 2015 жылдың қорытындысы бойынша, өнімділік бағыттары мен жыныстық топтар бойынша сатып алынған мал базы 6628 бас, соның ішінде: 1936 базы сут бағытындағы 29,2% үлес алмағын құраса, 761 базы сүтті-етті бағыттары 11,5%, 3931 базы ет бағытындағы 59,3% үлес салмағын құрап отыр. Ал Қазақстан Республикасының облыстары бойынша сатылған мал базы бойынша басты облыстар болып Ақмола, Алматы, Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстары болып табылады. Сонымен қатар, 2015 жылдың қорытындысы бойынша сатылған 12588 мал базын құрап отыр. Бұл көрсеткіштер Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенінің сапасы мен экономикалық сектор бойынша маңыздылығын артыра тусаде.

**Түйін сөздер:** Агроөнеркәсіп кешені, ірі қара мал шаруашылығы, экспорттаушы-мемлекеттер, импорт, үлттық экономика.

Бейсенбаев Ж.Т.,  
Жанатқызы С., Лю ЧАО

**Агропромышленный комплекс  
Республики Казахстан: общая  
экономическая  
ситуация в области  
животноводства**

жырымдамасынан өндіріс процесін қорлармен қамтамасыз ету, бәсекелестіктің артуы жағдайында өткізу үрдісін оңтайланыру сияқты мәселелер бөлінеді. Осының негізінде қорларды қалыптастыру мен сақтауға және көліктік-экспедициялық қызметті ұйымдастыруға кететін шығындар артады. Сонымен қатар кәсіпорынның мамандануының артуы шаруашылық байланыстарды жетілдіруге және тарату арналарындағы материалдық қорларды жылжытуға қатысты мәселелердің туындауы – логистика тұжырымдамасының пайда болып, қалыптасуына ықпал етті. Осы бағытқа сәйкес егер маркетинг нарықта сұранысты қалыптастыру, жарнама процесі, тұтынушыға тауарды өткізу мен сатуды басқару болса, ал өнімді дайын-

дау, өндеу, тарату және тасымалдау бойынша атқаратын жұмыстар осы үрдістің бір бөлігі.

Логистикалық тұрғыда маркетингтік логистика нарыққа бағдарланған біркітірлген логистиканың синонимі ретінде қарастырылады. Біркітірлген логистика термині өткен ғасырдың жетпісінші жылдары қоймалау, жылжыту, қорларды басқару, буып-тую сияқты өзара үйлесімді жұмыс атқаруды білдіретін логистика түсінігін білдіреді. Жеткізу тізбегін басқарудың логистикалық тұжырымдамасы накты фирманның өзге фирмалармен жеткізілмдерді ұйымдастыруды өзара бірігуін көрсетеді. Логистикалық қызмет көрсетушілер – жеткізушилер, тұтынушылар және фирмалар логистикалық тарату арналарын негұрлым тиімді әрі бәсекеге қабілетті етуге мүмкіндік беретін бірінгай жеткізілм тізбегін құрады және бірінгай ақпараттар жүйесін қолданады, бірінгай жоспар құрады. Жиырмасыншы ғасырдың аяғында физикалық тарату ұфымы түпкі межесі нарық болып табылатын жеткізу тізбегін басқару тұжырымдамасы ретінде өзгереді. Фирма негұрлым өзгермелі нарық талаптарына бағыт-бағдар ұстанып және соған сәйкес жеткізу тізбегін қалыптастыrsa, соғұрлым ол өз қызметтің тиімді атқарған болар еді деп ұйғарылады. Демек, бұл бағытқа сәйкес, нарыққа бағдарлануының нәтижесінде біркітірлген логистика маркетингтік логистикаға айналады. Сонымен, бұл бағыт маркетингтік логистиканы логистиканың куралдары мен тетіктерін қолдана отырып, фирмада бәсекелестік басымдықты қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жеткізу тізбегін басқарудың нарыққа бағдарланған моделі ретінде қарастырады.

Ал үшінші тарап маркетинг пен логистика синтезіне тән белгілерді және біріккен жағдайда оң нәтиже беретін компаниялардың қызмет ету аяларын сипаттайды. Осы тараптың пікірінше, маркетингтік логистиканы басқару мәселе сі маңызды рөл атқарады. Маркетинг пен логистиканың өзара әрекеттесу аяларын басқару қажеттілігін тұтынушылардың өздеріне көрсетілетін қызмет жылдамдығы мен сапасына сезімталдығының артуымен түсіндіреді. Сонымен катар компания шенберінде сұраныстың қалыптасу аясы (маркетинг) мен сұраныстың қанағаттандыру аясы (логистика) жеке функциялар ретінде қарастырылауы қажет деген идеяны алға тартады. Олар жеткізу тізбегін басқару механизмі арқылы бірге қосылуы керек деген ұстанымда..

Сонымен, маркетингтік логистика түсінігінің әр түрлі анықтамаларының ішінен бүгінгі уақыт талабына сай келетіні, маркетинг пен логистика

жүйелерінің толықтай бірігуін ұйғаратын синтездік аспект болып табылады.

Осылан сәйкес маркетингтік логистика – тұтынушылар сұранысының өзгермелі серпінін жедел жеткізулермен қанағаттандыру мақсатында жеткізу тізбегіне қатысушылардың арасында ақпарат алмасу және қосымша құндылықтар жасау арқылы жүйелі түрде тауар ағымдарын басқару және жоғары деңгейде қызмет көрсетуді ұйымдастыру. Демек, маркетингтік логистиканың негізін келесі элементтер құрайды: жеткізу тізбегіне қатысушылардың ортақ мақсаты, міндеттері, құндылықтары, ақпарат алмасулар, алынған мәліметтер негізінде сұранысты айқындау, тауар ағымдарын жедел басқару, сұраныстың өзгермелі серпінін қамтамасыз ету және жоғары деңгейде қызмет көрсету.

Маркетингтік логистика тұжырымдамасына сәйкес шаруашылық қызмет бизнесі басқарудағы ақпараттың рөлін айқындастын «сұраныска жауап» қағидасы бойынша ұйымдастырылады. Логистиканы және маркетингтік логистиканы ұйымдастыру сәйкесінше, сұранысты құту және сұраныска сай жауап беру – қағидаларының уақыт факторына байланысты бір-бірінен елеулі айырмашылықтары бар. Уақыт кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін анықтайдын басты факторлардың біріне айналуда, ал ақпарат жаңа өндірістік фактор ретінде уақыт факторын басқаруға мүмкіндік береді. Аталған қызметті ұйымдастыру қағидаларына қысқаша тоқталып отсек. Сұранысты құту жағдайында жұмыс жасау – бұл дәстүрлі тәжірибе, заманауи ақпараттық технологиялардың кеңінен таралуына алғышарт болған «асықпайтын» кезеңге тән. Сұраныска сай жауап беру жағдайында жұмыс жасау көрініше, нақты уақыт режимінде басқару әлеуетін жан-жақты ашатын стратегияларды қамтиды. Жеткізу тізбегінің әр деңгейінде атқарылатын жұмыстардың әдістері мен қарама-қайшы басымдықтары төмендегі кестеде бейнеленген (2-кесте).

Сұранысты құту тәжірибесі бизнес келісімшарттарға негізделген уақытта, яғни сатып алушату кезінде бәсекелестік, іскерлік қатынастар жағдайында әр тараптың өзіндік пайдасы болған кезеңде қалыптасты. Ақпаратпен алмасу бойынша технологиялық мүмкіндіктер шектеулі болғандықтан, фирмалар өздерінің жұмысын ұзақ мерзімдік болжай негізінде ұйымдастыруды. Негізгі басты міндет қор жасақтап, оны келесі деңгейге өткізуге негізделді. Сұранысты құту тәжірибесіне тән болып келетін жоғары шығындар мен тәуекелдің болуынан сауда әріптестерінің

қатынасы негізінен бәсекелік сипатта болады. «Сұранысқа сай жауап беру» ақпарат алмасу мен әріптестік қатынасқа негізделеді. Арна бойында кеңінен ақпарат алмасу мүмкіндігінің болуынан компаниялар үшін тек қана болжамға сүйену қажеттілігі ығыстырылады. Маркетинг-

тік арналардың барлық қатысуышылары үйлесімді жұмыс жасаған кезде, қосымша шығындарды туындалатын операциялардың қайталануына жол бермеуге және логистикалық тізбектердегі жиынтық қор көлемін төмендетуге мүмкіндік туындейды.

**2-кесте – Жеткізу тізбегінің әр деңгейінде атқарылатын жұмыстардың әдістері мен қарама-қайшы басымдықтары [3].**

Сұранысты күту жағдайында жұмыс жасайтын жеткізу тізбегі.	Сұранысқа жауап беру жағдайында жұмыс жасайтын жеткізу тізбегі.
Өндіруші деңгейінде	
Қаржылық болжау.	Тұтынушыға бағдарланған болжам.
Өндіріске бағдарланған материалдық қажеттіліктер мен тарату қажеттіліктерін жоспарлау.	Тұтынушыларға бағдарланған материалдық қажеттіліктер мен тарату қажеттіліктерін жоспарлау.
Алдын ал қор жасау.	Тұтынушы тапсырысына сай қор жасау.
Қорда бар тауарды аралас жіберу мүмкіндігінің болуы.	Баламалы жіберу/арнайы орауыш.
Көтерме сауда немесе тарату орталығы деңгейінде.	
Тапсырыс нүктесіне негізделген қорларды басқару стратегиясы.	Тұтынушылардың тапсырысына сай қорды басқару стратегиясы. Тапсырысты сұрыптау. Қорды үзіліссіз толтыру.
Қор қозғалысын алдын ала бағалау. Үзіліссіз кор. Айналым. Сатуды ынталандыруға арналған кор.	Қор қозғалысын кейінге қалдыру. Үзіліссіз кор. Айналым. Сатуды ынталандыруға арналған кор.
Бекітілген график бойынша қордың ауытқуы.	Тұтынушылардың тапсырысына негізделген қордың ауытқуы.
Коммерциялық орталықтың идеологиясы.	Қызмет көрсету орталығының идеологиясы.
Бөлшек сауда деңгейінде	
Қорды басқару моделі. Тапсырыс нүктесі. Сактандыру коры.	Қорды басқару моделі. Сату орындарының мәліметі. Сактандыру коры.
Жеткізудің берілген көлемі.	Жеткізу көлемі тұтынушы орамы бойынша анықталады.
Қорларды толтырудың қатаң тәртібі.	Сұраныска бағдарлана отырып қорды толтыру.
Қаржылық көрсеткіштер. Сегмент бойынша сату көлемі. Орташа айналым. Орташа пайда.	Тиімділік көрсеткіштері. Сегментті қамту деңгейі. Профильді сегменттер бойынша айналым. Өнімнің жекелеген түрлері бойынша пайдалылық.

Тұжырымдай келе, маркетингтік логистика концепциясын компания қызметіне енгізу келесідей маңызды нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

1) қорларды дұрыс орналастыру мен басқару нәтижесінде тұтынушыларға жоғары дәрежеде қызмет көрсетуді және сату көлемінің ұлғаюын қамтамасыз ету;

2) нарықтық өзгеріске сонымен қатар, тұтынушылар талабының өзгермелілігіне тез жауап беру қабілетіне ие маркетингтік логистика жүйесі «тұтынушыға қызмет көрсету уақытын» қысқартуға мүмкіндік береді (тапсырыс беру уақыты мен өнімді жеткізу уақыты аралығы);

3) маркетингтік логистика жүйесі жеткізуі мен тұтынушы қарым-қатынасының тұракты әрі берік болуына ықпал етеді;

4) физикалық таратудың тиімді әдістерін жасақтау арқылы, өнімді жеткізу ақысынан жеңілдік түрінде тұтынушыға да қолдана отырып, шығындарды үнемдеуге мүмкіндік береді;

5) маркетингтік логистиканың тиімді жүйесін енгізу компанияға алыс жерлердегі нарықтарда табысты әрі жемісті жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен, экономикалық дамудың заманауи деңгейінде маркетингтік логистиканы компанияның бәсекелі-нарықтық стратегиясының

басты элементі ретінде қарастыруға болады. Шаруашылық тәжірибеге маркетингтік логистика қағидаларын енгізу және оның жүйесін қалыптастыру, бизнесті тиімді басқаруға мүмкіндік беретін жоғары дамыған ақпараттық жүйенің болуын қажетсінеді.

### Әдебиеттер

- 1 Бусыгин Н.Г., Федотов А.В. Маркетинговая логистика в сфере технического обеспечения сельского хозяйства. – Москва, 2008. – 144 стр.
- 2 Трифилова А.А., Воронков А.Н. Маркетинговая логистика. Учебное пособие. – Новгород Н., 2011. – 83стр.
- 3 Бауэрокс Д., Клосс Д. Логистика: интегрированная цепь поставок/Пер.с англ. – М.: Олимп- Бизнес,2001.
- 4 Сейсекенова М.Б. Маркетинговая логистика. Учебное пособие. – Талдыкорган.2008, 294 стр.

### References

- 1 Busygin N.G., Fedotov A.V. Marketingovaja logistika v sfere tehnicheskogo obes-pechenija sel'skogo hozjajstva. – Moskva, 2008. – 144 str.
- 2 Trifilova A.A., Voronkov A.N. Marketingovaja logistika.Uchebnoe posobie. – Novgorod N., 2011. – 83str.
- 3 Baujeroks D.,Kloss D.Logistika: integrirovannaja cep' postavok/Per.s angl. – M.: Olimp- Biznes,2001.
- 4 Sejsekenova M.B. Marketingovaja logistika.Uchebnoe posobie. – Taldykorgan.2008, 294 str.

Кукиев А.Ж.

## Халықты зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің шетелдік тәжірибесі

Халықты зейнетақымен қамсыздандыру нарықтық, экономикадағы өлеуметтік қоргаудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Қазіргі таңда әлем елдерінің ұлттық өлеуметтік қорғау жүйелері құрылымдарында зейнетақымен қамсыздандырудың мәні артып келеді. Әлем елдерінің зейнетақы жүйелері бір-бірінен айырмашылықтары мен үқсастықтары көп, ол елдің жеке құрылымы, салт-дәстүрлері, саяси ұстанымы, т.с.с. ерекшеліктерінің орын алымен байланысты. Мақала Қазақстанның қазіргі зейнетақы жүйесінде орын алып отырған мәселелерді шетелдік тәжірибені қолдана отырып шешуге негізделеді. Мақала әлемдік тәжірибе мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорларының құрылымының қандай негізгі түрін көрсететінін сипаттайды. Мақала арқылы әлемдік тәжірибене сүйене отырып, зейнетақы жүйелері реформаларының негізгі белгілерін анықтауға болады. Сонымен қатар ұлттық зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің дағдарыс жағдайы орын алғанда шетелдік зейнетақы жүйелері қандай бағыттарды ұстанатыны көрсетілген.

**Түйін сөздер:** Iшінара жинақтаушы қорлар, Орталықтандырылмаған зейнетақы, жинақтаушы қорлар, «Сақтық» қорлар, Ұнтымақтастық зейнетақы жүйесі, Жинақтаушы зейнетақы жүйесі, Арасас зейнетақы жүйесі.

Kukiev A.Zh.

## World practice of populations pension system

Pensions are an integral part of social protection in a market economy. Nowadays the value of pension systems is increasing in the structure of the national pension scheme in all countries of the world. The pension systems of the all countries have a lot of differences and similarities, as each country has its own structure, traditions, political arrange and other features. The article is based on the use of foreign experience to solve problems in the pension system of Kazakhstan. The article describes the main types of bodies of state pension funds, which are used in international practice. This article can help you to define the main points of the reform of pension systems, referring to foreign experience. The article describes direction in the national pension system at the crisis period, adhere to foreign pension schemes.

**Key words:** Partial pension funds, decentralized accumulation pension funds, «reserve» funds, uniform pension system, accumulative pension system, mixed pension system.

Кукиев А.Ж.

## Мировой опыт системы пенсионного обеспечения населения

Пенсионное обеспечение граждан является неотъемлемой частью социальной защиты в рыночной экономике. В данное время во всех странах мира растет значение пенсионного обеспечения в структуре системы национального пенсионного обеспечения. Пенсионные системы стран мира имеют множество отличий и схожести, так как каждая страна имеет собственную структуру, традиции, политический устрой и другие особенности. Статья основывается на использовании зарубежного опыта для решения проблем в пенсионной системе Казахстана. В статье описываются главные виды структур государственных накопительных пенсионных фондов, которые используются в зарубежной практике. С помощью данной статьи можно определить основные моменты реформ пенсионных систем, ссылаясь на зарубежный опыт. Также описаны направления, придерживаемые зарубежными пенсионными системами в случае наступления кризиса в системе национального пенсионного обеспечения.

**Ключевые слова:** частичные пенсионные фонды, децентрализованные накопительные пенсионные фонды, «Резервные» фонды, Единая пенсионная система, Накопительная пенсионная система, Смешанная пенсионная система.

**ХАЛЫҚТЫ  
ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН  
ҚАМСЫЗДАНДЫРУ  
ЖҮЙЕСІНІҢ ШЕТЕЛДІК  
ТӘЖІРИБЕСІ**

Әлеуметтік қамсыздандыру, соның ішінде зейнетақымен қамсыздандыру қазіргі түсінкеме бойынша тек XIX ғасырдың сонында ғана қалыптасқан. Ең алғашқы мемлекеттік зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі XIX ғасырдың сонында Германияда тосын жағдайлардан және науқастығы жөнінде сақтандыру, қарттығы мен мүгедектігі бойынша зейнетақы енгізу туралы, кейін Канадада, Францияда, Италияда, Ұлыбританияда және басқа да мемлекеттерде заңдарды қабылдауға байланысты құрылған. Зейнетақы жүйелерінің қалыптасуы мен дамуы ұзак кезеңді қамтыды. Қазіргі таңдағы әлем елдерінің зейнетақы жүйелері бір-бірінен айырмашылықтары мен үқсастықтары көп, ол елдің жеке құрылымы, салт-дәстүрлері, саяси ұстанымы, т.с.с. ерекшеліктерінің орын алуымен байланысты. Әлемдегі зейнетақы жүйелерінің көп түрлігіне қарамастан, оларды еki үлкен топқа бөліп қарастыруға болады:

- тіркелген төлемдер үлгісі (Defined Benefit Plans – DB);
- тіркелген аударымдар үлгісі (Defined Contribution Plans – DC).

Тіркелген төлемдер зейнетақы үлгісінде (Defined Benefit Plans – DB) жүйеге қатысушы әрбір тұлғага зейнеткерлік жасқа жеткен сәттен бастап, белгілі бір мөлшердегі зейнетақы төленеді, зейнетақы көлемі соңғы жылдардағы жалақының көлеміне және жиынтық еңбек өтіліне байланысты анықталады. Зейнетақыны төлеу жергілікті заңнамаға сәйкес өмірлік аннуитет ретінде толық немесе ішінара индекстеу арқылы жүргізіледі. Сондай-ақ зейнеткерлерге кепілдендірілген зейнетақы төленеді, бұл зейнетақы ағымдағы жұмысбастылық пен жалақының көлемінен сәйкес актуарлық есептеледі. Мемлекеттік міндетті зейнетақы жүйесі жағдайында мемлекет зейнетақыны төлеу кепілденушісі ретінде ғана емес, зейнетақы көлемін қалыпты деңгейде сактаушы ретінде рөл атқарады.

Тіркелген аударымдар зейнетақы үлгісі (Defined Contribution Plans – DC) болашақ кезеңдегі зейнетақы төлемдері ағымдағы жиынтық аударымдар мен инвестициялық табыстардан қалыптасады, олар аударымдардың көлемінің артуы немесе азаюынан, оң немесе теріс көрсеткіштер көрсетуі мүмкін. Зейнетақы төлемдерінің көлеміне ешқандай кепіл жоқ, барлығы жинақталған аударымдар көлеміне байланысты. Болашақ кезең-

дегі зейнетакы жүйеге аударылған аударымдар мен зейнетакы қорларының оларды тиімді басқару дәрежесіне тәуелді болады. Аталған типтегі дамыған зейнетакы жүйелерінде қаражаттар жеке клиенттік шотқа аударылады, клиент өзі ұсынылып отырған табыстылығмен инвестициялық табысы жоспарланған инвестиациялық стратегияны таңдайды. Бұл таңдау арқылы тұлға тәуекелді өз мойнына алады, мемлекет кепілдендіру қызыметінен босатылған [1].

Қазіргі таңда әрекет етіп отырған әлемдік мемлекеттік жинақтаушы зейнетакы қорлары жоғарыда қорсетілген нұсқалар негізінде әрекет етеді. Дегенмен зейнетакы қорларының құрылымы әр елде әр түрлі болып келеді. Әлемдік тәжірибе мемлекеттік жинақтаушы зейнетакы қорларының құрылымының негізгі түрін қорсетеді:

1) Ішінара жинақтаушы қорлары (partially funded defined benefit) қазіргі таңда ең кең тараптады болып есептеледі. Бұл жүйе бойынша Африканың және Таяу Шығыс елдерінің, Швеция, Канада және Жапонияның зейнетакы қорлары, яғни әлемдегі барлық міндettі мемлекеттік зейнетакы қорларының үштен екісі әрекет етеді. «Partially funded» термині «аударылатын қаражаттардың бөлінуін» білдіреді. Зейнетакы салымдарының ағымы әр түрлі жолдармен қолданылатын бірнеше құрамдас бөлікке бөлінеді. Әдетте бір бөлігі ынтымақтастық жүйеге аударылып мемлекеттік базалық зейнетакыны құрайды, екінші бөлігі клиенттердің зейнетакы шоттарына аударылады. Аннuitet қолемі мемлекетпен кепілдендірілмейді, инвестициялардың тиімділігі есебінен қалыптасады. Қазіргі таңда 100% мемлекеттік жинақтаушы зейнетакы жүйесі (fully funded) жок.

2) Орталықтандырылған зейнетакы жинақтаушы қорлары (decentralized fully funded) 100% жинақтаушы қорлар болып табылады. Әдетте капитал жеке басқару компанияларлың басқарылуында болады. Мұндай типтегі қорлар Латын Америкасы елдері, Венгрия, Польша, Гонконг, Австралия, Швейцария, нидерланды және Ұлыбритания сияқты елдерінде ірі активті иеленушілер болып табылады. Бұл концепция 20 жыл бұрын пайда болғанымен, зейнетакы жүйесі жас болып табылады, тек Чили мемлекетіндеғана мұндай концепция толық даму тарихына ие.

3) «Сақтық» қорлары (provident fund) орталықтандырылған зейнетакы қорлары болып табылады, олардың инвестициялық саясатын жүргізу және активтерін басқару басқарушы кеңеспен жүзеге асырылады. Бұл Кенеске әдетте мемлекеттің, коммерциялық компаниялардың,

кәсіподактардың, кей жағдайларда зейнетакы қоры клиенттерінің өкілдері кіреді. Сақтық зейнетакы қорларында тікелей мемлекеттік реттеу инвестициялық қағидалармен алмастырылады. Аталған қорларда шетелдік басқарушылар емес, мемлекеттік қызыметкерлер басқарушы лауазымдарды иеленеді. Сақтық қорлар бұрынғы британдық колониялық Африка және Азия елдерінде кеңінен тараптады, ең ірі сақтық зейнетакы қорларының бірі – 20 млн. астам клиенті бар үнділік Provident Fund (EPF) қоры. Шри-Ланкағы Employee Provident Fund мемлекеттік зейнетакы қорының активтері барлық қор нарығының активтерін құрайды десек те болады. Аталған қорлар өздерінің активтерін отандық мемлекеттік облигацияларға, мемлекеттік компаниялардың қарыздық міндеттемелеріне, сондай-ақ әлеуметтік салаларға инвестициялайды [2].

Әр елдің ұлттық зейнетакы жүйесі өзіндік ерекшеліктерге ие болғанымен, әлемдік тәжірибе әлемдік зейнетакы жүйелерінің ортақ даму белгілерін қорсетеді: нақты бір үлгінің жетілдірілуінің және қомақты қаржы ресурстары жинақталуының ұзак кезенділігі; зейнеткерлік жастың жоғары деңгейі – орташа 65 жас, бұл жұмысшыларға көбірек өтілі жинауга және сақтаныруду жүйесінде қаржы ресурстарын көбейтуге мүмкіндік береді; зейнетакы қолемінің аударылған қаражат қолеміне тікелей тәуелділігі. Әлемдік тәжірибе зейнетакы жүйелерін реформалау демографиялық өзгерістерге, саяси жағдайға, экономикалық ахуалға сәйкес өзгеретінін қорсетеді. Зейнетакы жүйелерін реформалау негізгі үш бағыт бойынша жүргізіледі: ынтымақтастық зейнетакы жүйесін жинақтаушы үлгілерсіз жаңғырту; ынтымақтастық жүйесін қолданысады.

Экономикалық әдебиеттерде зейнетакы жүйелерінің ынтымақтастық және жинақтаушы жүйелері қарастырылады. Ынтымақтастық зейнетакы жүйесі кезінде белгілі бір жыл үшін жиналған әлеуметтік салықтық аударымдар зейнеткерлерге төлемдерге жұмсалады, яғни тіркелген төлемдер үлгісі қолданылады. Осылайша үрпақтар арасында сабактастық қағидасы негізіндегі жұмыс жасаушы халықтың егде жастағы азаматтарды қаржыландыруы жүзге асырылады. Жинақтаушы зейнетакы жүйесі әрбір жүйеге қатысушының жеке шотының болуымен сипатталады. Бұл шотқа әрбір азаматтың зей-

нетакы аударымдары түседі және кейін осы шоттан зейнетакы төлемдері төленеді. Бұл жерде ұрпақтар сабақтастыры байқалмайды, зейнетакы жүйесі жұмысшының жеке табысының бір бөлігін жинақтау және қайта бөлу қызметін аткарады [3].

Көп жағдайларда ынтымақтастық зейнетакы жүйесін Defined Benefits (DB) жүйесімен, жинақтаушы зейнетакы жүйесі Defined Contributions (DC) жүйесімен араласады, алайда бұл кей кездерде дұрыс емес. Атап айтканда, жинақтаушы зейнетакы жүйесі шегінде тіркелген төлемдер үлгісі де, тіркелген аударымдар үлгісі де әрекет ете алады. Откен кезеңдерде халықты әлеуметтік зейнетакымен қамсыздандыруда ынтымақтастық жүйе басым болған. Бірақ халықтың картасы, нарықтың замандағы шығындардың ұлғаюы көптеген зейнетакы жүйелерін тіркелген аударымдар жинақтаушы жүйесіне көшуіне себеп болды. Жинақтаушы зейнетакы жүйелерінің үлгілері әр елде әр түрлі болып табылады, оларды біріктіретін ортак белгісі – азаматтардың жеке зейнетакы шоттарындағы жинақталған зейнетакы аударымдарының сомасы болашақ зейнетакы төлемдерін анықтайды.

Жинақтаушы зейнетакы жүйесінің ынтымақтастық зейнетакы жүйесінен келесідей артықшылықтары бар:

- зейнетакы көлемі жинақталған қаражаттардың инвестициялануы нәтижелеріне тікелей байланысты, салымшылардың өздерінің қаражаттарын инвестиациялау үрдісін бақылау айтартықтай артады;

- жинақтаушы жүйесінің қатысушылары ынтымақтастық жүйелерімен тығыз байланысты саяси тәуекелдерден жақсырақ сақтандырылған;

- табыстарды жасыру ынtasы азаяды – азаматтар жұмыс берушілердің зейнетакы аударымдарын толық көлемде аударуына ынtasы көбірек болады, ол өз кезеңінде жасырын табыстарды болдыраймайды;

- экономикада ұзак мерзімді инвестицияларға қаражат көзі пайда болады.

Дегенмен жинақтаушы зейнетакы жүйесінін артықшылықтарымен қоса, жүйенің келесідей кемшиліктері мен мәселелері бар:

- халық арасында зейнетакы жүйелерінің қызмет ету әдістері, қаржылық қуралдар, т.с.с. жоғары сауаттылықты қажет етеді;

- жинақтаушы зейнетакы жүйесі ұйымдастырылуында ете күрделі болып келеді, сондықтан дәл әрі ұқыпты реттеуді қажет етеді;

- жинақтаушы зейнетакы жүйесінде кейбір қатысушылардың жалпы жинақтаған қара-

жаттары мardымсыз болуы мүмкін, немесе жинақталған қаражаттар сәтсіз инвестициялық шешімдер немесе активтерді басқару шығындарының артуы салдарынан азаю мүмкін [4].

Соңғы онжылдықтарда әлем елдерінің зейнетакы жүйелерінің аралас типтері орын алада. Яғни елдердің зейнетакы жүйелері мемлекеттік және жеке меншік механизмдері біріккен, ынтымақтастық та, жинақтаушы да жүйелерінің белгілерін қамтитын аралас типті жүйелер әркет етуде. Ынтымақтастық зейнетакы жүйесінен жинақтаушы жүйеге өту кезеңін қаржыландыру әр елде ерекше шаралар арқылы жүргізілді:

- ынтымақтастық жүйенің ішінәра сақталуы, яғни жиналған ақша қаражаттары ағымдағы кезеңдегі зейнеткерлерді қаржыландыру көзі болды, атап үлгі келесі елдерде орын тапты: Польша, Венгрия, Швеция, Уругвай және т.б.;

- еңбекакы төлеу қорынан міндетті аударымдардың көлемінің артуы – көшшілік дамыған елдер;

- өзге де табыс көздерін қолдану, мысалы, Қытайдағы лотереялар немесе Аргентинадағы ККС;

- жергілікті бюджеттердің немесе муниципалды деңгейдегі әлеуметтік қорлардың профилиттің қолдану (Чили);

- ағымдағы зейнетакы міндеттемелерін орындау үшін жекешелендіруден түскен табыстарды қолдану – Перу, Боливия және Польша елдері.

Қазіргі таңда толық жинақтаушы немесе толық ынтымақтастық зейнетакы жүйелері сирек кездеседі. Ынтымақтастық жүйелер таза күйінде тек зейнетакы жүйелерінің қалыптасуы шағындаған кездеседі. Бұгінгі таңда барлық дамыған елдер өздерінің үлттық ынтымақтастық зейнетакы жүйелеріне жинақтаушы қағидаларға негізделген қосымша зейнетакымен қамсыздандыруды енгізуде. Сондықтан тек жаңадан қалыптасуышы зейнетакы жүйелер толық ынтымақтастық бола алады.

Шетел мемлекеттерінің зейнетакымен қамсыздандыру жүйесі әр түрлі ұйымдастыруышылық-экономикалық құрылымдардан тұрады. Бұл құрылым өзінің сипаты бойынша көп деңгейлі болып табылады. Сонымен қатар зейнетакымен қамсыздандыру әртүрлі сипатқа ие. Зейнетакы мемлекеттік бюджетпен төленеді. Мұндай зейнетакылар барлық мемлекетте бар. Швейцарияда немесе Францияда олар зейнеткерлер табысының айтартықтай бөлігін құрайды. Чилиде ол ешкіммен қамтылмағандарға төленеді және күнкөріс шетінен де төмен қаржыны ұсынады.

Мұндай зейнетақы жобасында қаржыландыру көзі салықтар болып табылады. АҚШ өкіметі басқа да көптеген мемлекеттер сияқты ірі зейнетақылық бағдарламаларға қатысады. Бірақ, бәсекенің болмауы жинақтаулардың тиімді тәсілдерін іздеуге ынталандырмайды, керісінше саяси реттеулер үшін алғы шарттарды қалыптастырмайды. АҚШ-та, мысалы, әлеуметтік зейнетақымен қамту жүйесі – бұл трансферттік бағдарлама. Жұмыс істейтіндер жұмыс істемейтіндер үшін төлейді. Ол халыққа мемлекет көлемінде қызмет көрсетеді. Шет елдерде мұндай қорлар жұмыскерлердің кәсібі бойынша, сала немесе қандай да бір басқа қағида бойынша біріккен жеке топтары үшін құрылады. Берілген жүйе, дамушы мемлекеттерде қолданылған. Чилиде осы қағида бойынша барлық жұмыс істемейтіндерді қамтыған бірнеше ондаған қорлар құрылған. Дамыған мемлекеттерде мұндай қорларды ұйымдастыруға тиім салынған, себебі, олар зиянкестік іс-әрекеттерге кеңінен жол береді.

Осындай қорлары бар елдерде әдетте олар мемлекетке қатысты болады. Мұндай қорлардың қаржы көздері кәсіпкерлердің жұмыскерлердің жарналары болып табылады, бірақ қорлар мемлекеттік болғанда жарналар салықтар сияқты міндетті сипат алады. Жұмыскерге зейнетақыны кәсіпорын төлейді. Бұл қағида міндетті түрде бұрын сол кәсіпорынның жұмыскері болған зейнеткерлерге зейнетақы төлеу арқылы жүзеге асырылады, бірақ зейнетақы коры құрылмайды. Зейнетақымен қамсыздандырудың бұл түрі ең алғаш АҚШ және Жапонияда таралған. Бірақ төлемдердің міндетті еместігі, кепілдемесінің жоқтығы, олардың кәсіпорынның қаржылық жағдайына байланыстылығы, қосымша шығын төлеудің қажеттілігі, зейнетақымен қамсыздандырудың бұл түрі қосымша ретінде қайта қарауга алып келеді. Зейнетақы сақтандыру компаниясымен қамтамасыз етіледі. Осы қағидаға негізделген зейнетақы жүйесі кор құруды ұсынбайды. Мұндай жоба әлемде кеңінен таралған және жұмыскер берілген жоба бойынша рентаны сатып алуға жеткілікті сомада қаржы жинағанда зейнеттерлікке шыққаннан кейін зейнетақымен қамсыздандыруды ұйымдастыру үшін пайдаланады (Чили, Жапония, Австралия, т.б.), бірақ, мысалы Германияда рентаны жұмыскермен немесе кәсіпкермен бірте-бірте сатып алу тәжірибесі кеңінен таралған [5].

Әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, зейнетақы жүйелері реформаларының негізгі үш белгілерін атап көрсетуге болады: жинақтаушы

механизмдерді енгізу, зейнеткерлік жасты өзгерту және институционалды өзгерістер. Еуропа Одағының ресми құжаттарында 1998 жылдан 2020 жылға дейінгі жинақтаушы зейнетақы жүйесіне өту үшін нақты мақсаттар анықталған. Осы кезең аралығында ынтымактастық жүйенің мемлекеттік төлемдері 84%-дан 64%-ға төмендеуі, ал жинақтаушы жүйенің құраушылары 12%-дан 29%-ға артуы болжанып отыр, ал қазіргі таңда мардымсыз көлемдегі ерікті зейнетақы аударымдары үшесе (1,5%-дан 4,5%-ға дейін) артады деген де оптимистік болжамдар анықталған. Жалпы жинақталған жеке зейнетақы аударымдары 2020 жылға қарай 11,8 млрд.еурога дейін арту болжамы жасалған. Бөліп тарату жүйесі «ұрпактар арасындағы ақша айырбасы» болып табылады. Бұл «айырбастың» қағидасы экономикалық емес, әлеуметтік болып табылады, ол міндетті түрде жүзеге асырылады және тек мемлекеттік деңгейде ғана жұмыс істей алады. Зейнетақы қорына әлеуметтік сақтандыру түрінде келіп түсетін ақша қаражаттары, зейнетақы шоттарында кідірмesten ай сайынғы зейнетақы төлемдері түрінде зейнеткерлердің қолдарына тиеді [6].

Міндетті зейнетақы жарналарын салуға және салымшылардың шоттарындағы жинақтарының жеке-жеке есепке алынуына, сондай-ақ активтерді инвестициялық басқаруға негізделген Чилидегі жинақтаушы зейнетақылық қоры қолданысқа 1981 жылы енгізілген. Міндетті жарналарды төлеумен қатар, әрбір салымшы ерікті тәртіпте қосымша өз еңбекақысының 10%-ын салу мүмкіндігіне ие. Міндетті түрде болса да, ерікті түрде болса да төленген жарналарға салық салынбайды. Чили заңдарына сәйкес зейнетақылық қорларының ұйымдастырушылары атауына ие болған ұйымдар құрылды. Реформа басталған кезде олардың саны 11 еді, кейінірек олардың саны 23-ке дейін өсті. Қазіргі уақытта мұндай компаниялардың алтауы қалды, және олар барынша ірі қаржы мекемелері болып табылады. Чилиде зейнетке шығу жасы заң жүзінде анықталған: ерлер үшін 65 жас және әйелдер үшін 60 жас. Алайда егер зейнетақы шотында зейнетке мерзімнен бұрын шығуға болады. Зейнетақылық шотындағы зейнетақылық жинақтары қаражаттарының со-масы жеткіліктілігін екі нұсқаумен анықтауга болады, оларға сәйкес зейнетақы жинақтары қаражаттарының со-масы өмірлік аннуитетті қамтамасыз етуі тиіс, ол мынадан кем болмауга тиісті: салымшының еңбек жолының соңғы он жылындағы орташа еңбекақысының 50%-ынан және мемлекетпен кепілденген ең төменгі зейнетақының 110%-ынан.

Чилидің зейнетақы жүйесінің айырықша ерекшелігі – зейнетақы төлеу жолдарының сан алуан тұрларінің болуы. Салымшының калауына қарай зейнетақы төлеудің үш нұсқасы ұсынылады. Чилиде 2002 жылдан бастап мультипортфельдер жүйесі енгізілген. Яғни зейнетақы қорлары қаржы құралдарының тұрларі мен инвестициялық тәуекел дәрежесі бойынша ажыратылатын инвестициялық портфельдің 5 түрін ұсынады: A (Most risky) – 80%, B (Risky) – 60%, C (Intermediate) – 40%, D (Conservative) – 20% және E (Most conservative) – 5%. Тәуекел деңгейі инвестициялық портфельде қарастырылған пайыздық мөлшердегі акциялардың үлесіне байланысты. Бұл шара елдегі акциялардың құнының құлдырауы себебінен инвестициялық табысты толық қайтарымсыз жоғалту тәуекелін болдырмау мақсатында жасалған.

Қазақстан үшін Еуропа экономикалық ынтымақтастық және даму үйімі елдері (ЕӘҮДҰ) арасында Швеция мемлекетінің тәжірибесі маңызды. Швеция өзінің зейнетақы реформаларын он жыл бұрын бастаған. Көптеген ЕӘҮДҰ елдерінде сияқты Швеция ынтымақтастықты жүйеден міндettі және ерікті негізделгі жинақтаушы зейнетақы жүйесіне ауысты. Швеция зейнетақы жүйесінің ерекшелігі әйелдер үшін де, ер адамдар үшін де 65 жасында зейнеткерлікке шығуында, дегенмен 60 жастағы зейнетақыға шығу да бар, бірақ онда зейнетақы толық көлемінде төленбейді. Ынтымақтастықты жүйеде жұмыс беруші тұлға зейнетақыны жұмысқердің жеке шотына аударып отырады, яғни зейнетақылық индекстелу орташа жалақыға сәйкес өзгеріп отырған. Ал жинақтаушы жүйеге келетін болсақ, алғашқы салымдар 2011 жылдан басталды, бірақ алғашқы төлемдер 1938 жылы туған ұрпақ зейнетақыға шыққан кезде, яғни 2003 жылы беріле бастады. 2003 жылы зейнетақы төлемдерінің 80% ынтымақтастық жүйеден, ал 20% жинақтаушы жүйеден берілді. Ал қазіргі таңда бұл көрсеткіштер сәйкесінше, 60% және 40%-ды құрды. Жинақтаушы жүйе үшін аранайы резервтік қор құрылған. Аталған қор активтері 15 млрд. АҚШ долларын құратын 5 зейнетақы қорларының жинақтаған қаражаттарын орналастырады. Қалған 4 зейнетақы қорларының қызметі өзара шарттастырылған, алайда ол қорлар арсындағы бәсекелестікті жоймайды [7].

Азия елдерінде зейнетақы жүйесі мұлдем басқаша. Оңтүстік Кореяның мемлекеттік зейнетақы жүйесі зейнеткерлік жасқа келген, жарақаттар мен закымдар алған тұлғаларға, сондай-ақ сақтандырылған тұлға қайтыс бол-

ған жағдайда оның туыстарына зейнетақы қаражаттарының ұсынылуы мен төленуіне кепілдік береді. Сақтандыруши төлейтін сақтандыру төлемдері мен мемлекеттік жәрдемақыларды мемлекет басқарады және кепілдендіреді. Оңтүстік Корея аумағында тұратын 18-60 жас аралығындағы барлық тұлғалар, оның ішінде шетел азаматтары. Мемлекеттік зейнетақы қорына кіретін үйімдар мен кәсіпорындарда жұмыс істеушілер, кәсіпорындар мен үйімдардың зейнетақы қорларына кіруге міндettі. Сақтандыру жарналарына қатысты пайыздар. Міндettі сақтандыру жарнасы кірістің 9%-ын құрайды.

Малайзияда мемлекеттік зейнетақы жүйесі жоқ. Оның есесіне, барлық қызметтегі тұрғындардың толық ауқымына таралған 1951 жылы құрылған Жұмысшыларды қамсыздандыру қоры (Employees Provident Fund) жұмыс жасайды. Қордың қаржысы жұмысшылардың ай сайынғы аударымдары айлық жалақының 11% мен жұмыс берушінің айлық кірісінің 12-13%-нан тұратын жарнасынан қалыптасады. Зейнетақы жинақтарының 70% азаматтардың жеке зейнетақы шоттарына аударылады, ал қалған 30% азаматтардың келесідей жеке қажеттіліктеріне жұмсалады: медициналық шығындарға, ипотекалық несиелерге, білім алушы қаржыландыруға және 50 жасқа толғаннан кейін кез келген мақсаттарға. Зейнеткерлік жас Малайзияда 2013 жылы 50 жастан 65 жасқа дейін ұлғайтылды. Зейнетақы активтерін инвестициялау портфелі келесідей қаржы құралдарын қамтиды: отандық және шетелдік әмбенттердің акциялары мен облигациялары, Малайзия мемлекеттік бағалы қағаздары, жылжымайтын мұлік нарығы мен ақша нарығының қаржы құралдары.

Гонконгте кімнің пайдасы бекітілген күнелту минимумынан төмен болса, соған бюджеттен жәрдем ақша төленеді. 1988 ж. кәсіпкерлер үшін «жинақтаушы зейнетақы» жүйесінің бір түрі бойынша жеке жүйе енгізілген, бірақ бұл жүйе бойынша төлем әлі жүргізілмеген. Мемлекет күнелту минимумынан жоғары қарт адамдарға әлеуметтік көмек береді.

Сингапурде бір ғана қор бар, ол – Орталық сақтау қоры (Central Provident Fund), мұнда жұмысшылар мен жеке кәсіпкерлер өзінің еңбекақы қорынан 16%, ал жұмыс беруші 20% қаржысын бөледі, кейін осы қор жұмысшы зейнеткерлікке шыққан сәттен бастап, жұмысшының жеке өзінің еңбек жолында төлеген жарналарының мөлшеріне сай ай сайын белгілі бір мөлшерде зейнетақысын төлейді. Елдегі зейнеткерлік жас 62-65 жасты құрайды, ал зейнеткерлік

жасқа шыққаннан кейінгі өмір сүру ұзақтығы орташа 23 жылды құрайды. Жинақталған зейнетақы қаражаттары азмattардың жеке шотына аударылады, бұл шот үшке болінеді: негізгі, арнайы және медициналық. Медициналық шотқа 36% аударымдардың 7% аударылады және медициналық сактандыруды төлеуге, медициналық шоттарды төлеуге, денсаулықты сактау шығындарын өтеуге жұмысалады. Арнайы шотқа 6% аударылады, бұл шоттың ақшалай қаражаттарын арнайы зейнетақы өнімдеріне салуға болады немесе күтпеген шығындарға жұмысауға рұқсат етілген. Зейнеткерлік жас жақындаған сайын арнайы шот негізгі шотқа қосылады. Зейнетақы шотын ұстаушы азамат 50 жасқа толғанға дейін, өзінің негізгі шотының қаражаттарын кез келген мақсаттарға жұмысай алады: мемлекеттік бағдарлама бойынша ипотекаға, білім алуға (шот иемденушісі, жұбайы, балалары), сактандырудың әр түрлі нысандарына, инвестицияларға (алтынға, акциялар мен облигацияларға, депозиттерге). Кор мемлекет бақылауында болады, бірақ оның әлемдегі, қор нарықтарының операцияларына қатысуға өзіндік құқығы бар. Зейнетақы төлемінен

басқа кор әртүрлі себептермен алынған ауруларға байланысты жәрдемақы төлейді. Осылайша, Азия елдеріндегі зейнетақы жүйесінің ерекшелігі сол, мемлекет уақытылы зейнетақы төлемін бекітпей-ақ, тек қартайғандарға аз ғана мөлшерде жәрдемақы төлеуге кепілдік береді [8].

Корытындылай келе ұлттық зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің дағдарыс жағдайы орын алғанда шетелдік зейнетақы жүйелері келесідей бағыттарды ұстанады: ертерек зейнеткерлікке шығу ынталандырумен зейнеткерлікке шығу жасын ұлғайту, зейнетақы мөлшерін анықтауда табыс есебінің мерзімін арттыру, жұмысшылар мен жұмыс берушілермен төленетін сактандыру төлемдерінің арттыру, әр түрлі нысандағы зейнетақы женілдіктерін алушылардың санын қысқарту, зейнетақымен қамсыздандырудың кесіптік, корпоративтік және басқа да ерікті зейнетақымен қамсыздандырудың түрлерінің дамуын ынталандыру. Жоғарыда қарастырылған шаралардың онтайлы үйлесімі еліміздегі зейнетақымен қамсыздандыруды қаржыландырумен байланысты өзекті мәслелерін шешүге мүмкіндік береді.

### Әдебиеттер

- 1 Antolin P., Pugh C., Stewart F. Forms of Benefit Payment at Retirement / OECD Working Papers on Insurance and Private Pensions, 2011, Paris.122p.
- 2 R.Hinz, A.Mataoanu. Pension Supervision: Understanding International Practice and Country Context / WB Soc.Protection Discus.№5, 2009, Washington.79p.
- 3 Новиков А. Особенности эволюции зарубежных пенсионных систем // Мировая экономика и международные отношения. – 2010. – № 5. – С. 67
- 4 Clark, G.L., Pension Reserve Funds: Aligning Form and Function / Rotman International Journal of Pension Management. Vol.4, № 2, 2011, Toronto. 241p.
- 5 Monk A. The Principles and Policies of Pension Reserve Fund Design and Governance / RotmanInternat.Journ.of Pens. Man. Vol.1, 2012, Toronto. 165p.
- 6 Ерошенков Г. Переход к накопительной пенсионной системе: мировой опыт и возможности его применения в России. – М.: MAKС Пресс, 2008. – 250 с.
- 7 OECD Pensions Outlook 2012, OECD Publishing, 2012, Paris. 251-264p.

### References

- 1 Antolin P., Pugh C., Stewart F. Forms of Benefit Payment at Retirement / OECD Working Papers on Insurance and Private Pensions, 2011, Paris.122r.
- 2 R.Hinz, A.Mataoanu. Pension Supervision: Understanding International Practice and Country Context / WB Soc.Protection Discus.№5, 2009, Washington.79r.
- 3 Novikov A. Osobennosti jevoljucii zarubezhnyh pensionnyh sistem // Mirovaja jekonomika i mezdunarodnye otnoshenija. – 2010. – № 5. – S. 67
- 4 Clark, G.L., Pension Reserve Funds: Aligning Form and Function / Rotman International Journal of Pension Management. Vol.4, № 2, 2011, Toronto. 241r.
- 5 Monk A. The Principles and Policies of Pension Reserve Fund Design and Governance / RotmanInternat.Journ.of Pens. Man. Vol.1, 2012, Toronto. 165r.
- 6 Eroshenkov G. Perehod k nakopitel'noj pensionnoj sisteme: mirovoj opyt i vozmozhnosti ego primenenija v Rossii. – M.: MAKС Press, 2008. – 250 s.
- 7 OECD Pensions Outlook 2012, OECD Publishing, 2012, Paris. 251-264r.



Kupenova Zh.K.,  
Kishibayeva B.S., Zhunisova G.E.

### **Introduction to the theory of statistics**

This article discusses the history of statistics. Destinations such as mathematical and descriptive. The need for statistics as a science. It describes the three basic values of statistics. The first is a special industry practices aimed at the collection, processing, analysis, characterizing socio-economic situation of the country, its regions, industries, individual enterprises. Secondly, the statistics referred to science, is engaged in the development of technical regulations and the methods used statistical practice. Science and practice are very closely related, mutually relying on each other. Third, statistics called themselves the statistical data provided in the financial statements of enterprises, institutions, companies, firms, industries or data published in collections, directories, media as a result of statistical work.

Statistical indicators are accounting estimates and analysis. The specific method is based on statistical analysis and synthesis of the compound. And also, the article says the information base that provides support for emerging market and provides comprehensive and objective information to develop options, studies and management decisions.

**Key words:** statistical trend, statistics, statistical significance.

Купенова Ж.Қ., Кишибаева Б.С.,  
Жунисова Г.Е.

### **Статистика негіздеріне кіріспе**

Бұл мақалада статистика пәнінің даму тарихы қарастырылған. Оның негізін қалаушылары және бастапқы мектептері туралы жазылған. Жазу және математикалық бағыттары, статистиканың ғылым ретінде қажеттілігі қарастырылған. Статистиканың уш негізгі анықтамасы ашылып жазылған. Біріншіден, бұл тәжірибе қызметтінің ерекше саласы. Яғни, едін, экономика салаларының, жеке кәсіпорындардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын мінездейтін мәліметтерді жинау, өндөу және талдауға бағытталған. Екіншіден, статистика тәжірибде қолданытын техникаларды құрастыруышы ғылым ретінде қарастырылады. Ғылым мен тәжірибе бір-бірімен тығыз байланыста болады. Ушіншіден, статистика кәсіпорындардың беретін статистикалық мәліметтерін айтамыз.

Статистикалық, көрсеткіштер бағалы есепті және талдамалы болып бөлінеді. Статистиканың ерекше тәсілі анализ бел синтездің қосылу негізі. Және де мақалада жан-жақты нарықты қамти отырып басқару шешімдерін қабылдау үшін акпараттық көз болып табылады.

**Түйін сөздер:** Статистика, математика, статистикалық мектеп, мемлекеттанду, статистикалық жүйе.

Купенова Ж.Қ., Кишибаева Б.С.,  
Жунисова Г.Е.

### **Введение в теорию статистики**

В данной статье рассматривается история возникновения статистики. Описываются три основных значения статистики. Во-первых, это особая отрасль практической деятельности, направленная на сбор, обработку, анализ данных, характеризующих социально-экономическое положение страны, ее регионов, отраслей экономики, отдельных предприятий. Во-вторых, статистикой называют науку, занимающуюся разработкой технических положений и методов, используемых статистической практикой. Наука и практика очень тесно связаны, взаимно опираясь друг на друга. В-третьих, статистикой называют сами статистические данные, представленные в отчетности предприятий, учреждений, компаний, фирм, отраслей экономики, или же данные, публикуемые в сборниках, справочниках, СМИ в виде результатов статистической работы.

Статистические показатели бывают учетно-оценочными и аналитическими. Специфический метод статистики основан на соединении анализа и синтеза. В статье говорится о информационной базе, которая обеспечивает поддержку формирующегося рынка и даёт всестороннюю и объективную информацию для разработки вариантов, обоснования и принятия управлеченческих решений.

**Ключевые слова:** статистическое направление, статистические показатели, статистические значения.

## INTRODUCTION TO THE THEORY OF STATISTICS

The term «statistics» comes from the Latin word «status» (status), which means “certain things”. Initially, it was used in the meaning of the word «State administration» was coined in 1749 by the German scientist G.Ahenval, published a book about State administration.

Statistics has a long history and is rooted in antiquity. With the formation of states has become necessary in statistical practice, ie, Full information about the availability of land, population, its property status. Several thousand years ago, such a calculation was carried out in China, ancient Rome and Egypt.

With the development of social relations, the emergence of the tax system need statistics becomes apparent, such as eg:

- Prices for bread;
- The number of cities;
- The urban population;
- The volume of foreign trade;
- Registration of new factories;
- Registration of marriages, births, deaths.

As the complexity of social life more expanded range of phenomena accounted for.

The growth of social production in the period of the emergence of capitalism, the expansion of trade and international relations stimulated the development of accounting and statistics.

In Italy, at the beginning of the XIV century there was a system of double-entry bookkeeping, in which the operation is recorded twice – in the debit and credit. Consequently, significantly increases the need for analysis of the economic environment. The volume of statistical information particularly sharply increased – need information describing:

- The size and placement of industrial and agricultural production;
- Markets for goods;
- Labor markets;
- Raw materials, etc.

Currently, the term “statistics” has three meanings:

The first is a special industry practices aimed at the collection, processing, analysis, characterizing socio-economic situation of the country, its regions, industries, individual enterprises.

Secondly, the statistics referred to science, is engaged in the development of technical regulations and the methods used statistical practice.

Science and practice are very closely related, mutually relying on each other.

Third, statistics called themselves the statistical data provided in the financial statements of enterprises, institutions, companies, firms, industries or data published in collections, directories, media as a result of statistical work.

Statistics as a science began to develop from the middle of the 17th century in two ways:

- Descriptive;
- Math

The most important representatives of the descriptive school gosudarstvovedeniya were German ucheny G.Konring (1606-1681) and G.Aherval (1719-1772).

The first distinctive feature descriptive direction is that her task description is considered "public interest", such as:

- The territory of the State;
- State system;
- Population;
- Religion;
- Foreign Policy, etc.

That is the subject of statistics had numerical characteristics to the middle of the 18th century.

The second feature is that it is not yet analyzed the patterns and relationships social processes.

Mathematics was born in England. "Political Arithmetic" purpose is to identify patterns and relationships social processes by calculation

The most important representative of this trend was U.Petti (1623-1687), which Marx called "the inventor of a kind of statistics." Later it developed F.Galton (1822-1911), K.Pirson (1857-1936), V.Gosset (1876-1936), R.Fisher (1890-1962) and others.

2. Each science has a significant specific features that distinguish it from other sciences, and give her the right to independent existence. The main feature of any science is:

- knowledge of the subject;
- principles and methods of its study, which together form its methodology.

The subject of research are the statistics:

- mass phenomena of socio-economic life;
- quantitative aspect of these phenomena in a given place and time.

The socio-economic life of society is manifested in various mass events, such as:

- Production of various types of products;
- consumption of these products;
- carriage of goods and passengers;
- Other phenomena of economic, cultural and political life;

- natural resources and environmental conditions.

3. The statistical index – a quantitative assessment of the properties of the phenomenon under study. It manifests the unity of the qualitative and quantitative aspects.

Statistics using statistical indicators characterizes:

- dimensions of the phenomena being studied;
- their characteristics;
- patterns of development;
- their relationship.

Statistical indicators are accounting estimates and analysis. The first reflects the volume or level. And the second is used to describe the features of the development, distribution, relationships, relationships of its parts. These include:

- averages;
  - indicators of the structure;
  - variations of dynamics, degree of closeness of the connection and others.
4. The specific method is based on statistical analysis and synthesis of the compound. At first:
- stand out and separate study of the phenomenon (the group);
  - Evaluate the differences in the value of the characteristic;
  - The reasons of differences;
  - We give a description of the phenomenon as a whole and its trends.

All stages of statistical work is closely related to each other. Mistakes made at one stage will affect the entire study.

Statistics is closely linked with mathematics different levels of difficulty, especially with the theory of probability and mathematical. statistics.

Statistics based on the law of large numbers.

Therefore, based on statistical research is always mass observation of facts. The greater the volume of units observed, the closer the observed averages show patterns of the phenomenon under study.

5. In the current statistics there are three main parts:
- The general theory of statistics;
  - Economic statistics and its industry;
  - Social statistics and its industry.

General Theory of Statistics is developing the general principles and methods of statistical studies, the most common category (performance statistics).

The task of economic statistics is the development and analysis of synthetic indicators that reflect the state of the national economy, the relationship industries, especially the distribution of productive forces, the presence of material, labor and financial resources, the current level of their use.

Social statistics generates metrics to characterize the way of life and different aspects of social relations.

6. With the development of market relations the role of the knowledge base grows. This is due to the fact that:

- complicates the communications market actors;
- Appears the need for studying the impact of various factors on the results of economic activity, the social consequences;
- Requires a generalization on the macro and micro levels, as well as detailed information for the preparation of a wide variety of projections.

In order to perform a statistical study, necessary science-based information base. Which should:

- Provide support to the emerging market;
- Provide a comprehensive and objective information to develop options, studies and management decisions.

For this purpose, a special statistical unit engaged in systematic data collection, processing and presentation of the results in the form of statistical information to government and other bodies, commercial users.

Possessing information, enterprises can effectively implement the tasks. Conversely, an important cause of bankruptcies in Kazakhstan are the incompetent actions of the management companies, helped by the lack of available information on the managers of market conditions, and many other vitally important for the phenomena and processes of the enterprise.

Statistical observation helps the enterprise:

- Implement the marketing strategy;
- respond flexibly to market changes;
- Make informed choices.

## References

- 1 The General Theory of Statistics: a textbook for high schools / II Eliseev, MM Yuzbashev; Ed. II Eliseevoj. – M.: Finance and Statistics, 2009, p. 614.
- 2 Socio-economic statistics: Workshop: Tutorial / VN Salin, etc.; Ed. VN Salina EP Shpakovskaya. – M.: Finance and Statistics, 2009, p. 114.

## Литература

- 1 Общая теория статистики: учебник для вузов / И.И. Елисеева, М.М. Юзбашев; под ред. И.И. Елисеевой. – М.: Финансы и статистика, 2009, с. 614.
- 2 Социально-экономическая статистика: практикум: учебное пособие / В.Н. Салин и др.; под ред. В.Н. Салина, Е.П. Шпаковской. – М.: Финансы и статистика, 2009, ст. 114.

Кукиев А.Ж.

**Қазақстан Республикасында  
тұтыну несиесінің дамуы  
және мәселелері**

